

№17

/Сәрсенбі/

02 мамыр 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙҒАҚ

М Е Д И А



Н. НАЗАРБАЕВ: ТОЙҒА ШАШЫЛҒАН ҚАРАЖАТТЫ ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА БЕРУ КЕРЕК

Қазақстанның бас қаласында Ассамблеяның кезекті отырысы өтті. Жыл сайын сәуір айына жоспарланатын жиынның бұл XXVI сессиясы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан айтулы шара Отандастарымыздың көңіліне қуаныш ұялатып, құлаққа жағымды

жаңалық айтылды. Яғни, баспанасыз жүргендерге пәтер алу жеңілдетілген бағдарламамен ұсынылып отыр. Әсіресе, жастарға мүмкіндік мол. Президент бес әлеуметтік бастаманы түсіндіре отырып, Шымкенттегі зәулім тойханаларға асып-төгіліп той жасайтын-

дарды сөз етті. Дұрысы, сол қаражатты жас жұбайларға беру керек деп айтты. Айта кетейік, Ассамблеяның сессиясына «Айғақ» арнасының түсірілім тобы жыл сайын қатысады. Бұл жолы да әріптестеріміз күә болып қайтты.

Жалғасы 2-ші бетте

Жоба

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАҢДАР



Ағымдағы жылдың 3-12 мамыр аралығында «Айғақ» арнасын бір топ оңтүстікқазақстандық делегациямен Ресей Федерациясы Қырым Республикасына жол тартпақ. «Ұлы бабалар ізімен...» жобасы аясындағы сапардың басты мақсаты - Ұлы Отан соғысында кеудесін отқа тосқан батырларымыздың ерлігін ұлықтау.

Қырымның мәдени нысандары мен 1941-1945 жж. Ұлы Отан Соғысының отты жылдарындағы ірі

қорғаныс мекендері бойынша бірқатар циклді түсірілім жасауды жоспарлаған делегацияның құрамында 10 адам бар. Атап айтқанда, облыстық мәслихаттың депутаты, Қазақстанның Құрметті журналисі, Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы Дулат Әбіш бастаған топтың құрамында ҚР «Білім беру ісінің үздігі», Елбасының курстасы, Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы Марат Қыстаубаев, Қырымда ерлік көрсетіп қаза тапқан 313 атқыштар дивизиясының 1331 атқыштар полкінің взвод командирі, лейтенант Нұрмахан Тұрсынбековтың туысы Айымхан Баймаханова, еңбек ардагері Махмұдбек Мухамедов, Созақ ауданының Құрметті азаматы Жұмабек Жүнісұлы, тағы басқалар бар.

Сапар жайында толық мақаланы «Айғақ» газетінің алдағы нөмірлерінде оқи аласыздар. **«Айғақ» - ақпарат.**

БІРЛІК БАСЫ - БЕРЕКЕ

Шымкент қаласында 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні аталып өтілді. Мерекелік шараның шымылдығы «Ashyq El» атты театрландырылған музыкалық қойылымымен түрілді. Ынтымақ пен берекені ұлықтайтын мейрамға арналған кеште алғашқы болып сөз алған облыс басшысы Жансейіт Түймебаев Оңтүстік жұртын айтулы мерекемен құттықтады.



«Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі - бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымақта тұрмыс кешіп отырған ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі, асыға күтер мейрамы. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында ел аумағында жүзден астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Осының нәтижесінде Қазақстан ынтымағы жарасқан, ырысы артқан елге айналды. Мемлекетіміздің басты байлығы - қоғамдағы келісім мен татулықты сақтау ісіне әрбіріміз жауаптымыз. Қазақстан халқының бірлігі мерекесі құтты болып, баршаңыздың шаңырақтарыңыздан шаттық кетпесін», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Кейін облыс басшысы өңірдегі этно-мәдени орталық өкілдеріне «Бауырмал» сыйлығын тапсырды. Олардың қатарында облыстық «Ынтымақ» ұлтаралық мәдениет орталығы» қоғамдық бірлес-

тігінің төрайымы Г.Төлепова, облыстық «Татар-башқұрт мәдени орталығы» бірлестігінің төрайымы А.Мухамедова, «Қазақстан кірістері ассоциациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалының төрайымы Р.Пак сынды этно-мәдени орталық басшылары бар.

Мерекелік шара «Көңілді дастархан» - вокалдық хореографиялық композициямен және «Өлем ырғағы» атты түрлі ұлт аспаптардың орындауында музыкалық қойылыммен жалғасты.

Кейін облыс басшысы Ж. Түймебаев түрлі мәдениет орталықтары дайындаған көрмені тамашалады. Шараға этнос өкілдері салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарын танытатын тұрмыстық заттарын қойған.

Сондай-ақ, мереке күні қазақ эстрада жұлдыздарының концерті өтіп, отшашуға ұласатын болады.

11 - бетте

**СОТ ФИМАРАТТАРЫНА
СМАРТФОНДАР,
ПЛАНШЕТТЕР МЕН ...**

15 - бетте

**Г. ГОЛОВКИН
БАСҚА САЛМАҚҚА
АУЫСАДЫ МА?**



12 - бетте

**ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ
КҮЙМЕЛЕРІ НЕЛІКТЕН
САРЫ ТҮСКЕ БОЯЛДЫ?**



Н.НАЗАРБАЕВ: ТОЙҒА ШАШЫЛҒАН ҚАРАЖАТТЫ ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА БЕРУ КЕРЕК

Елордадағы Бейбітшілік және келісім сарайы маңызды басқосудың мекені. 15-00 басталатын шараға уақытынан бұрын жиналып, тіркеуден өтіп жатқандардың қатары көп. Ассамблеяның мүшелері мен қонақтар шақыртылған. Олардың ортасында Оңтүстік Қазақстан облысынан 42 адам бар. «Бес әлеуметтік бастама – қоғамның әлеуметтік бірлігінің тұғыры». Бұл XXVI сессияның тақырыбы. Қазақстанда Ассамблеяға мүше 466 адам болса, соның 413 қатысты. Сондықтан, Нұрсұлтан Әбішұлы жұмысты бастауға болатынын жариялап, еліміздің өнұраны шырқалды. Қиын кезеңде бірлігіміздің ұйытқысы болған, берекеміздің бастауы ретінде құрылған Ассамблея өзіне жүктелген міндетті мінсіз орындап келеді. Соның жалғасы Астанада өткен алқалы басқосу. Өз сөзінде Президент бес әлеуметтік бастаманың бағыттарын қарапайым тілмен ұғындырып берді.

Сессияны ашқан Мемлекет басшысы Қазақстан халқының Ассамблеясы еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың басты кепілі ретінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

– Қазақстан сан қырлы жаңғыруға бет бұрған қазіргі таңда Ассамблеяға да тың міндеттер жүктелді. Мен наурыз айында әлеуметтік жаңғыру жолындағы «Президенттің бес бастамасын» ұсындым. Оның табысты жүзеге асуы азаматтардың өз болашағына, мемлекетіне, қоғамына, қала берді бір-біріне сенімін арттырады, – деді Елбасы.

Қазақстан Президенті әлеуметтік бірлік саясаты біртұтас ұлт қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болып саналатынын айтты.

– Біз сыртқы жағдайларға қарамастан, бес жаңа жобаны жүзеге асыруды бастадық. Бұл қаржымыздың және ресурстарымыздың көптігіне байланысты болып отырған жоқ. Керісінше, Қазақстандықтардың тұрмысын жақсартуға тың серпін беруді көздеген шынайы ниетімізге байланысты іске асуда, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Бес әлеуметтік бастаманы» іске асырудың негізгі үш факторына тоқталып, еліміздің әлеуметтік саясатының басты ерекшеліктерін атап өтті.

Елбасы Қазақстан қоғамының бірлігін одан әрі нығайту қажеттігіне айрықша тоқталды.

– XXI ғасыр әлеуметтік, экологиялық, техногендік сияқты жаһандық қауіп-қатерлер ешқайда жойылып кетпейтінін көрсетіп отыр. Әркім өз болашағына өзі жауап беретін өзгеше кезең келе жатыр, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев елімізде жүзеге асырылатын әлеуметтік жобалардың үш қағидатын атап өтті.

Мемлекет басшысы «Бес бастама» қазіргі Қазақстанның ең маңызды бес әлеуметтік проблемасын шешуге бағытталғанын айтты.

Елбасы әлеуметтік бастамаларды іске асыру үшін жұмсалатын қаражат Қазақстан қоғамының болашағына арналған тікелей инвестиция болып саналатынын атап өтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясына бірқатар жаңа міндеттер жүктеді.

Баяндаманың түп төркіні елді бұзылмайтын қорған-ынтымаққа шақыру.

Жалпы, «Бес әлеуметтік бастамаға» 2 трлн. 600 млрд. теңге жұмсалады. Президент «бекерге ешнәрсе ұсынбаймын» дей келе, бұл қомақты қаражат, бірақ бұл біздің азаматтарымыздың болашағына инвестиция» деп мәлім етті. Ассамблеяның отырысында Елбасы кейде қалжыңмен жауап айтып, жиналғандардың жүзіне күлкі үйірді. Осылайша жиынның көркі қызып, ішкі және сыртқы түйіткілдерден сақтану көпшілікке жақсы ой салды.

Сессияның отырысы концерттік бағдарламаға ұласты. Назарбаевтың қатысуымен өткен көңілді кеште әлемнің сахнасына табаны тигендер өн айтып, жиналғандарды рухани серпіліспен құрыштай қуаттандырды.

Бұл аптада кімдер туылған?

02.05.1956 ж.
Жұмабаев Сәтбай
полиция полковнигі

03.05.1953 ж.
Нұрлан Жылқышиев
қоғам қайраткері

06.05.1963 ж
Ерлан Бекқожин
“ҚР Президенттік телерадиокешені” АҚ бас директоры,
ҚР Журналистер Академиясының академигі

07.05.1963 ж
Дариға Назарбаева
Парламент сенатының депутаты,
ҚР Парламент сенатының Халықаралық істер жөніндегі Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, с.ғ.д

08.05.1937 ж
Асанәлі Әшімов
Қазақстан Республикасының халық әртісі, “Отан”, “Құрмет”, “Парасат” және “ЮНЕСКО” Халықаралық Академиясының “Алтын қыран” орденінің иегері.

08.05.1947 ж
Жеңісбек Мәуленқұлов
ОҚО ардагерлер кеңесінің төрағасы, “Парасат” орденінің иегері, ОҚО және Түлкібас ауданының

Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

Тағайындау

Нұргүл МАУБЕРЛИНОВА -

ҚР ақпарат және коммуникациялар вице-министрі

Нұргүл Мауберлинова ақпарат және коммуникациялар вице-министрі болып тағайындалды, - деп хабарлайды премьер-министрдің баспасөз қызметі.

Нұргүл Мауберлинова 1973 жылдың қарашасында

Қарағанды облысында дүниеге келген. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті мен Қарағандыдағы экономикалық университетті аяқтаған.

Еңбек жолын 1992 жылы бастаған. Түрлі жылдары мемлекеттік органдар құрылым мен коммерциялық секторда қызмет еткен.

2006-2008 жылдары - ҚР



Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің бас маманы, бас сарапшы.

2008-2012 жылдары - ҚР премьер-Министрі Кеңесінің Ақпараттық сараптамалық орталығының бас

кеңесшісі.

2012-2016 жылдары ҚР Президенті жанындағы “Орталық коммуникациялар қызметі” директорының орынбасары, ҚР Парламенті Мәжілісінің кеңесшісі лауазымында болды.

2016 жылдың шілде айынан қазіргі кезге дейін ҚР Ақпарат және коммуникациялар қызметінің Ақпарат комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді.

Дана ЖҮНІСОВА -

ҚР Ұлттық экономика вице-министрі

ҚР Үкіметінің Қаулысымен Дана Бейсенқызы Жүнісова ұлттық экономика вице-министрі қызметіне тағайындалды.

Бұған дейін вице-министр лауазымында Бауыржан Бекешев болған еді, ол басқа жұмысқа ауысуына орай қызметінен босатылды.

Дана Жүнісова 1985 жылы мамыр айында Целиноград қаласында дүниеге келген. 2006 жылы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін тәмамдаған. Мамандығы бойынша – экономист.

Еңбек жолын 2003 жылы бастаған. 2003-2011 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Астана-Финанс» АҚ, «2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындарын ұйымдастыру комитетінің атқарушы дирекциясы» АҚ жұмыс істеген.

2012-2013 жылдары – «Құлагер ҚК» ЖШС Жобаларды басқару департаментінің менеджері, «Атамекен» Одағы» ҚҰЭП Тариф қалыптастыру департаменті директорының орынбасары.

2013 жылғы қазан айынан бастап қазіргі таңға дейін

Мәдина ЖҮНІСБЕКОВА -

ҚР Ұлттық экономика вице-министрі

ҚР Үкіметінің Қаулысымен Мәдина Серікқызы Жүнісбекова ұлттық экономика вице-министрі қызметіне тағайындалды.

Мәдина Жүнісбекова Алматы қаласында дүниеге келген. М. В. Ломоносов атындағы ММУ, Париж I Пантеон – Сорбонна университетін, Пантеон – Ассас университетін тәмамдаған. «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты.

Еңбек жолын 2010 жылы бастаған.

2010 – 2012 жылдары коммерциялық секторда жұмыс істеген. 2012 – 2014 жылдары ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы Хатшылығының инспекторы лауазымын атқарған.

2014 жылы – ҚР Премьер-Министрінің кеңесшісі.

2014 жылғы маусым айынан бастап қазіргі таңға дейін ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің Ақпараттық-талдау орталығының меңгерушісі қызметін атқарған.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.





2020 ЖЫЛ:

ШЫМКЕНТ - ТМД-НЫҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ

«Әзірбайжандық Гянджа қаласы бұл эстафетаны армяндық Горис қаласына береді, кейін ТМД елдерінің мәдени астанасы Брест қаласы, содан кейін қазақстандық Шымкент қаласы болады», - деді РФ президенті Владимир Путин.

ғында, Бәйдібек би ескерткішіне таяу маңда орналасқан нысан. Ау-

дан-заманауи инфрақұрылымымен, тұрмыста, бизнесті бастауда қолайлы жағдайымен және ең жоғары қала құрылысы мен сәулеті жөнінен ерекшеленеді. Аталған жоба Шымкенттің 2020 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы аясында іске асырылуда.

Сонымен қатар, облыс әкімінің бастамасымен қолға алынған жобалардың бірі – «Шатқал» бағдарламасы. Жоба сәтті жүргізіліп келеді. Содан бері бос жатқан сай-салаға көшеттер егіліп, саябаққа айналуда. Биыл облыс орталығы Шымкент қаласындағы 7 шатқалда осы уақытқа дейін 55 мыңға жуық көшет отырғызылған. Сондай-ақ, шатқалдағы көшеттердің жайқалып өсуі үшін, жыл басынан бері 17 ұңғыма

қазылып, 26 су қоймасы жасалды. Сол арқылы 30 шақырымға жуық суару жүйесі тартылған. Шатқалдарға 16 шақырым қоршау орнатылды. Айта кетерлігі, Шымкент қаласындағы шатқалдардың жалпы аумағы 124 гектар жерді құрап отыр.

Қазақстан Республикасы Сәулетшілер Одағының мүшелері мен қоғамдық пікір кеңесшілері және белгілі сәулетшілердің басы қосылған кеңес мүшелерінің жиынында 2020 жылға дейін «Ескі қалашық» мәдени орталығындағы «Арбат» жобасы, «Ордабасы» мемориалдық тарихи-мәдени кешенін абаттандыру мен Үш бидің ескерткіші, «Флагшток» жобасы, «Қазығұрт - Кеме қалған» тарихи - мәдени кешенінің жобасы сынды 8 архитектура-лық жоба қаралды.

Сондай-ақ, Шымкенттегі 2020 жылға қарай «Ескі ша-

һар» аумағы ашық аспан астындағы мұражайға айналады. Яғни, көне қалашық маңында соңғы ондаған жыл бойы салынған құрылыс нысандары сүріледі. Олардың орнына қорған-қабырға соғылмақ. Ол қалашық кезінде қоршап тұрған қорғанға ұқсас етіліп салынады. Бұл тұста құрылысшылар мен сәулетшілерге жергілікті тарихшылар, зерттеушілер мен өлкетанушылар көмекке келмек. Арнайы бағдарламаның нәтижесінде бұл тарихи ескерткіш туристер қызығатын ерекше орынға айналмақ.

Сайрам — Жібек Жолы, Арғынбеков — Дулати көшелері және Рысқұлов — Қонаев даңғылы қиылысынан төрт жаңа жол айырығы салынады. Қазіргі таңда жобалық-сметалық құжаттар жасалуда.

Шымкент қаласы – 2020 жылы тәуелсіз мемлекеттер достастығының мәдени астанасы аталуына орай, сол жылы қаланың 2000 жылдық тарихы аталып өтілу жоспарлануда. Сонымен қатар, Шымкент «Жібек Жолы» номинациясы бойынша әлемдік мәдени мұра тізіміне де ұсынылып отыр. Сондықтан да, ескі қаланың

Аумағы 117 мың гектар, халық саны 1 млн-ға жуықтаған шаһарды шартты түрде республиканың 3-ші мегаполисі деп айтамыз. Иә, 2020 жылы Шымкент – ТМД-ның мәдени астанасы болады. Ірі мегаполистің мұндай мәртебеге ие болуы да тегін емес. Себебі, қаланың соңғы жылдары экономикалық әлеуеті де еселене түсті. Еліміздің демографиясына да үлкен үлес қосып келеді. Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы саналатын қалада соңғы бес жылда 50-ге жуық мәдени нысан бой көтерген. Аймақ басшысы Ж.Түймебаевтың жан-жақты дамыту мәселесін мықтап қолға алуының арқасында осындай үлкен жетістікке жетіп отырмыз.

Шымкент қаласында 2020

Шымкент қаласындағы қоғамдық көліктегі билет бағасы туралы мәселеге мораторий жарияланды. Бұл туралы қала әкімдігінде өткен қоғамдық көлік туралы жиналыста айтылды.

Жолаушы тасымалдаушы компаниялардың сапалы жұмысы халықтың әркез назарында. Дегенмен, «өттең-айларда» кездесіп жатады. Халық қамын ойлаған қала әкімдігі бүгінде қалалық әкімдік пен жолаушы тасымалдаушы компаниялар арасында жасалған қоғамдық көлік бағыттарындағы қызмет көрсету келісім-шарттарын жаңарту мәселесімен айналысу үстінде.

Мәселен, жұмыс сапасын арттыру, жолаушылармен жұмыс істеуді жақсарту, кемшілікке жол бермеу бағытында уақытша бірқатар компаниялармен түзілген келісім-шарт тоқтатылды. Нақты айтқанда №38, 101, 33, 12а, 134 және 21 бағыттар бойынша үстіміздегі мамыр айында конкурс ұйымдастырылады.

Сонымен бірге 112-орам, Текесу, Алтынтөбе, Ақжайық және Достық-2 тұрғын алаптарына қатынайтын әлеуметтік маңызы бар 10 бағыт бойынша да конкурс мамыр айында жүзеге асырылмақ. Шымкент қаласының әкімі Н.Сауранбаев жолаушы тасымалдаушы компания жетекшілерінен қоғамдық көліктердің техникалық жағдайы мен санитарлық тазалығының талаптарға сай болуын талап етті. Ең маңыздысы қала әкімі жүргізушілер мен кондукторлардың бірыңғай киініп, қызметтік мәдениетті сақтауын, қозғалыс кестелерінің кешкі уақыттарда орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырды. Өйткені, кешкі сағат

ЖОЛАҚЫ БАҒАСЫНА МОРАТОРИЙ ЖАРИЯЛАНДЫ



20-дан кейін, әлі жүргіншілер ағыны көп кезде, жолаушылар көлігі бірден сиреп қалады. Жұмыстан кеш шыққан, базардан қайтқан және қаланың көрікті жерлерін аралап жүрген тұрғындар такси ұстауға мәжбүр... Қала әкімдігі бағыттардың жұмыс кестесін басты назарға алуы да осыдан.

Сонымен қатар, жол жүру ережелері де бұзылып жатады. Бұл жолаушылардың наразылығын тудырады. Мәселен, жолаушылар көлігі басты тұрақтан кешігіп шықса, аялдамаларға асығыс тоқтап, халықты асықтырумен әлек. Ал, уақыт-

тан ерт шықса, «арба жүріске» салып жолаушылардың жүйкесін тоздырады. «Неге сонша жай жүресіз?» деген сауалға «Уақытымыз бар»-деген жауап даяр... Кейде ашуланған жолаушы жол-жөнекей көліктен түсіп қалып, дйттеген жерге жету үшін қайта автобусқа отыруға мәжбүр... Бұл жолақыны еселеп төлеуге әкеліп соғады.

Жиналыста көлік жүргізушілері осындай жол жүру ережелерін бұзған және басқа да талаптарды орындамаған жағ-

дайда, көлік компанияларымен арадағы келісім-шартты заңға сәйкес бұзу қажеттігі ескертілді. Бұл автопарк үшін тиімсіз болғанымен, жүргіншілер үшін қажет нәрсе.

Шаһардағы көше қиылыстарында интеллектуалды бағдаршам санын көбейтуге баса назар аударылды. Бұл жол апатының орын алуына жол бермейді, қарт кісілер мен жас балалардың жолдан қауіпсіз өтуіне ықпал етеді.

Көлік туралы жиналыста көлік пен жүргіншілер арасындағы тәртіп бұзушылықтың орын алмауы үшін, жол ережелерін сақтаудың атқаратын ролі үлкен екені, әсіресе, жол-жөнекей такси тоқтатып мінудің де жол апатына ықпал ететіні туралы айтылды. Бұл олқылыққа жол бермеу үшін, заңсыз ұйымдастырылған такси тұрақтарын жою қажет. Ол үшін жолаушылар көлігі уақтылы, дйттеген мезгілде аялдамада болуы қажет. Сонда жүргіншілер такси тоқтатуға мәжбүр болмайды. Сондықтан да, қала әкімдігі заңсыз ұйымдастырылған такси тұрағын болдырмау туралы жауапты мамандарға тапсырма беріп жатып, алдымен жүргіншілердің көңілінен шығатын көлік қозғалысын ретке келтірудің маңыздылығына тоқталуы көрегендік болды.

Жүргінші, жолаушылар көлігі, автопаркті жаңарту, жол жүру ережелері, олардың орындалуы бағытында өткен көлік туралы жиналыс көкейде жүрген мәселелерді қозғағанымен маңызды болды. Бұл- бүгінгі күн талабы.

Бетті дайындаған: Балнұр ЖАНЫСБАЕВА.

«SHYMKENT CITY» ЖОБАСЫ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРМЕН ТОЛЫҒАДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаевтың төрағалық етуімен Қала құрылысы Кеңесінің отырысы өтті. Онда Шымкент қаласында іске асырылғалы жатқан «Shymkent City» іскерлік және тұрғын үй кешенінің жобасы талқыланды. Яғни, жаңадан бой көтеретін қалашықтың концепциясына бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізу жайы сөз болды.

Жиында аймақ басшысы Шымкент қаласында халық санының өсімін ескере отырып, «Shymkent City» жобасының кейбір тұстарын қайта қарап шығу керек екенін айтты. «Елбасының назарындағы бұл жобаның кей тұстарына түзетулер енгізу керек деп ойлаймын.

Шымкент еліміздегі үшінші мегаполис болғандықтан, мұнда демографиялық өсім қарқынды. Ал, болашақта халық саны еселеп артатынын ескерсек, қалада көлікпен жүріп тұру айтарлықтай мәселеге айна-

лары сөзсіз. Сондықтан, жаңа қалашықта автотұрақтар жеткілікті болуын, сондай-ақ көліктің болдырмау жолдарын қазірден ойлау керек. Тиісті сала мамандарына осы мәселені қайта қарап шығуды тапсырамын», – деді Жансейіт Түймебаев.

Жиынға қатысқан жауаптылар аймақ басшысының ұсыныстарына қолдау білдіріп, алда атқарылатын шаруаларымен таныстырды.

Жоба авторлары ұсынған соңғы нұсқа бойынша жалпы аумағы 65,5 гектарды құрайтын «Shymkent City» кешенінде



6762 орынға шақталған автұрақ болады деп жоспарлаған. Жалпы саны 5554 пәтерді құрайтын 18 қабатқа дейінгі көп қабатты тұрғын үйлер бой көтереді. Сондай-ақ, заманауи үлгідегі сәулетті мектептер,

спорт кешені, ойынсауық орталықтары және де әлеуметтік нысандар салынады.

Айта кетейік, «Shymkent City» қалашығы шаһардың солтүстік аймағында, Бөйдібек би ескерткішінің маңында са-

лынуда. Аудан заманауи инфрақұрылымымен, тұрмыста, бизнесті бастауда қолайлы жағдайымен және ең жоғары қала құрылысы мен сәулеті жағынан ерекшеленеді. Аталған жоба Шымкенттің 2020 жылға дейінгі

Шымқала күн өткен сайын көркейіп, көріктеніп, сәулеттеніп келеді. Зәулім-зәулім үйлер, көз-тартар ғимараттар үшін халық қуанышты. Қоныс тойын тойлатқан жаңа тұрғын үйлер қатары көбейді. Алғашқы қоңырау жаңа мектептерде сыңғыр қақты. Қаланың тұрғын алаптарына сәндік ағаштар отырғызылып жатыр. Онсызда жасыл желегімен ерекшеленетін Шымқаланы түрлі-түсті қызғалдақтар жайнатып жіберді. Әлеуметтік сала бойынша пайдалануға беріліп жатқан ғимараттар көзқуанышқа айналды.

Осы игілікті істермен бірге тұрғындарды коммуналдық қызметпен қамтамасыз етудің маңызы ерекше. Әр тұрғын үшін бұл өте қажетті қызмет. Ал, мектеп құрылысына келсек, білім нәрімен сусындатытын білім ұялары ыңғайлы да жарық әрі бүгінгі күн талабына толық жауап беретін жағдайда іске қосылып жатқаны кімді де болса сүйсіндірмей қоймайды. Міне, осы және тағы да басқа инфрақұрылымды дамыту бағытында атқарылып жатқан және алдағы кезде жүзеге асуға тиіс жұмыстар бойынша Шымкент қаласы әкімдігінің мәжілісінде шаһар әкімінің халық алдында берген есепті кездесуінде сөз болды. Мұнда негізінен жоспарланған міндеттемелердің орындалу барысы бойынша



әңгіме болды. Онда тұрғындарды коммуналдық қызметпен қамтамасыз ету, мектеп құрылыстарын көбейту, олардың сапасын арттыру, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелері талқыланды.

Бүгінде ең шешімін күткен мәселе-ауыз су еді. Қазіргі таңда бұл жұмыстың орындалу пайызы 93-ті құрайды. Егер биылғы жоспарланған жұмыстар уақытылы әрі сапалы аяқталса, халықтың 96 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілетін болады. Бұл – Шымкент қаласы әкімдігі қадағалап отырған ең басты мәселенің бірі.

Тұрғын үйлерді жарықтандыруға аса мән беріліп келеді. Алдағы уақытта қаладағы жеке меншік 18 трансформатор мәселесі шешілетін болды. Осы мәселені басты назарға алған «Оңтүстік ЖарықТранзит» ЖШС жеке меншік 13 трансформаторды ауыстыруды жаспарлап отыр. Өйткені, трансформатор уақыт өте келе тозады, жұмыс сапасы

ӘЛЕУМЕТТІК 10 БАҒЫТТЫҢ КОНКУРСЫ МАМАРДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

нашарлайды. Бұл үйге жарық келу кезінде тұрғындар тарапынан наразылық тудыруы ықтимал. Сондықтан да, трансформаторларды ауыстыру мәселесі туындады.

Көше жарықшамдары халықтың кешқұрым да жүріп-тұруына мүмкіндік жасайды. Бүгінде Шымқаланың үлкен көшелері бойындағы жарықшамдар мегаполистің мәртебесін көтеріп тұр. Ал, енді шағын көшелерге жарықшам орнату мәселесі мықтап қолға алынып жатыр. Сондықтан, көше жарықшамдарын орнату мәселесі де шешімін тауып келеді. Әрине, Шымқала көлемі үлкен, көшелер де көп. Осыны ескере отырып, мамандар алдымен шағынаудандардың жолаушылар ағыны көп жолдар мен әлеуметтік нысандар орналасқан криминалдық жағдайды қиын көшелерді жарықтандыру дұрыс деп тапты. Бұл жұмыс бүгінде басталып та кетті.

Мектеп-өскелең ұрпақтың сапалы білім, саналы

тәрбие алатын алтын ұясы. Мәселен, Шымкентте 7 жыл ішінде 55 жаңа білім ұясы бой көтермек. Бұл – көп те, аз да емес цифр. Өйткені, Шымкент қаласы күн өткен сайын көркейіп, көріктеніп келеді. Тұрғындар саны да артты. Тіпті, бірінші сынып табалдырығын аттаған жеткіншектер қатары көбейді. Бұл халықтың әл-ауқатының артқанын, тұрмыс жағдайының біршама жақсарғанының айқын көрінісі. Мектеп көптеп салынған соң, оған барар жол қауіпсіз болу үшін жарықшамдар орнату, аяқжолдар құрылысын жүргізу кезек күттірмейтін мәселе. Міне, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар жер-жерде көрініс тауып отыр. Жыл соңына дейін топырақ жолдардың мәселесі де шешілуі тиіс.

Көлік мәселесі. Бұл тұрғындар үшін өте қажет-ақ. Қазіргі таңда қаланың шалғай тұрғын

алаптарында қаланың ортасына келіп-кетіп жұмыс атқаратындар мен мектепке баратындар қатары көп. Мәселен, Текесу, Ақтас, Абдулабад тұрғын алаптарында қоғамдық көліктердің қызметі ұйымдастырылмаған. Бұл мәселе қала әкімдігінің назарында тұр. Жолаушылар көлігін қосу үшін арнайы конкурс ұйымдастырылуы қажет-

тігі түсінікті. Осыған орай үстіміздегі жылдың мамыр айында әлеуметтік маңызы бар 10 автобус бағыты бойынша конкурс ұйымдастыру жоспарланды. Жұмыс жақсы әрі тиімді атқарылу үшін қаражат қажеттігі өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан, қала әкімдік өкілдері бұл бағыттардың шығындары бюджеттен субсидияланады деп мәлімдеді.

Автопарк- жолаушылар көлігінің сапалы жұмыс істеуіне ықпал ететін бірден-бір маңызы бар орын. Жыл өткен сайын оларды ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізіп тұру қажеттігі тағы бар. Қазіргі таңда қаладағы автопарктерді жаңарту жұмыстары да жүргізілуде. Мысалы, «Т-bus» ЖШС шаһарға 30 жаңа автобус жеткізді, жыл соңына дейін 70 автобус әкелінеді деп күтілуде.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам дегеніміз - Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1 бабы 1 тармақшасына сәйкес - мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам.

Жақып АСАНОВ - ҚР Жоғарғы сот төрағасы



“Жыл сайын аудандық, қалалық судьялар 1 миллионнан астам істерді қарайды. Қылмыстық істер, азаматтық істер, әкімшілік істер. Әрбір іс бойынша тиісті шешім, тиісті үкім, тиісті қаулы қабылданады. Мысалы, 2017 жылы аудандық, қалалық судьялар 1 млн 200 мың іс қарап, соншама шешім, үкім, қаулы қабылдады. Ал көп жағдайда осындай шешімдер және үкімдермен көп адам келіспей, наразылықтарын білдіреді. Оның өрине, бірнеше себептері бар. Оның негізгі себебінің бірі – сот шешімдері мен үкімдерін түсінбеулері. Біз осы жөнінде бір ай бұрын үлкен талқылау жүргіздік. Азаматтық істер бойынша сот шешімі қабылданады. Сол сот шешімдері қандай болуы керек, сол жөнінде бірнеше талап қойдық, нормативтік қаулы қабылданған. Мысалы, мазмұны бойынша соттың шешімі оңай, жеңіл, көпшілікке түсінікті тілмен жазылсын, деп шешім қабылдадық”, - деді Жоғарғы сот төрағасы.

“Билік адамға сыйластықпен қарайтынын көрсету керек. Сондықтан, үкім қарапайым адам үшін ашық, түсінікті, қолжетімді болуы тиіс. Тәжірибе көрсеткендей, көптеген сот актілерінде қажет емес, артық ақпарат өте көп болады. Олар сәйкесінше сот үкімі мәтінін дұрыс өрі нақты түсінуге кедергі келтіреді. Сонан соң арыз иесінің әр уәжіне нөмірлеп тұрып сот шешімінде соларға жауап беруіміз міндетті деп шештік. Сонымен қатар, біздің заң терминдеріміз көп. Оны қарапайым адам түсіне бермейді. Оны біз сот шешімдерінде пайдалануға

ЖАУАПТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

міндеттіміз. Біз оны пайдаланғанда, қарапайым тілге аударуды талап еттік”, - деп сөзін жалғады Жақып Асанов.

Сонымен қатар, Асановтың айтуынша, әрбір үкім мен қаулының логикалық және техникалық тұрғыдан түсінікті болуы қамтамасыз етілуі тиіс.

“Сол себепті біз мынадай талап қойдық. Әрбір шешімнің логикалық құрылымы болуы тиіс. Сонан соң техникалық тұрғыдан ешқандай талап жоқ. Сол себепті шешімдерде не абзац, не интервал жоқ, көбіне майда әріппен жазылады, адамдар оны түсінбейді, оқи алмайды, адамның көзі ауырады. Сондықтан, техникалық талап та қаулыда қарастырылды. Бұл азаматтық істер бойынша. Ол 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді. Оған дейін төрт жарым ай бар. Осы уақыт ішінде біз аудандық, қалалық судьяларды осыған үйретуіміз керек. Қалай жазу керек, қалай сөйлеу керек, риторикаға. Мұның барлығын біз жоғарғы оқу орнында үйренбегенбіз, ал бұл бізге қажет нәрселер. Қылмыстық істер бойынша үкім қабылданады, әкімшілік істер бойынша қаулы қабылданады. Ал, үкім мен қаулылар бойынша ұқсас проблемалар өте көп. Бүгін біз осыған қатысты талқылау жүргізіп, жан-жақты қараймыз, пікірлер тыңдалып, тиісті нормативтік қаулы қабылданады”, - деді Жақып Асанов.

“Судья қарапайым, түсінікті тілінде жазуды үйренуі тиіс. Біз өзіміздің күрделі, кәсіби тілімізді процеске қатысушылар тіліне бейімдей білуіміз керек. Көптеген елдерде, тіпті түсінікті тілде жазу туралы заң жобалары қабылданған. Мысалы, 60-жылдары Ұлыбрита-

Қалмұханбет ҚАСЫМОВ- ҚР Ішкі істер министрі

Министрдің айтуынша, елімізде халықаралық стандарттарға сай келетін жаңа миграциялық саясат қалыптасқан.

“Шетелдік жұмыс күшін тарту квота беру механизмі арқылы жүзеге асырылады. Үкімет шетелдік кәсіби жұмысшыларға квота бекітеді. Бұл мамандар құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен басқа да салаларда жұмыс жасайды. Сонымен қатар, заң бойынша нақты инвестициялық жобаларды іске асыру үшін, шетелдік кәсіби жұмысшыларды квотасыз және рұқсатсыз тартуға мүмкіншілік бар. Әр мемлекет азаматтарының елімізге келу және тіркелу рәсімі әртүрлі. Қазақстанға кіру үшін олардың көбіне виза керек. 19 елмен жалпы азаматтық паспортпен визасыз кіру тәртібі туралы келісім жасалды. Олардың қатарында Еуразиялық экономикалық одақ елдері де бар. 45 елдің азаматы 30 күнге дейін виза рәсімінен және тіркелуден босатылған. 2016 жылдан бастап Қытай азаматтарының Қазақстанға топтық туристік сапарларын жеңілдету туралы меморандум күшіне енді”, - деді Қасымов.



«Соңғы жылдары біз шетел азаматтарын тіркеу рәсімін біршама жеңілдеттік. Бұл оларды миграция қызметіне келіп, тіркелуден босатады. Еуразиялық экономикалық одақ пен Тәжікстан елінің азаматтары ерекше мәртебеге ие. Олар шекарадан өткеннен бастап 30 күнге дейін тіркелуден босатылады. ЕАЭО елдерінің азаматтарына біздің елімізде жұмыс істеуі үшін рұқсат керек емес. Өткен жылдан бастап шетел азаматтарын қабылдайтын барлық заңды және жеке тұлғалар оларды «электрондық үкімет» порталы арқылы тіркеуге мүмкіндік алды», - деді Қалмұханбет Қасымов. /Baq.kz/

Өмірзақ ШӨКЕЕВ - ҚР Ауылшаруашылығы министрі



Гектарлап меншіктеп алған жер телімдерін мемлекет тартып алмақ. Сөйтіп, ол жайылымға өріс таппай отырған ауыл жұртының ортақ меншігіне беріледі. Сенат бүгін жер қатынастары жөніндегі заң жобасын

мақұлдады.

-Осы мақсатта айқындалған жайылымдарды жалға беруге тыйым салынатын болады. Сонымен қатар, бүгінгі күні елдімекендердің маңындағы жайылымдардың көбі жеке және заңды тұлғаларға беріліп кеткенін ескеріп, ол жерлерді қайтару, мемлекеттік мұқтажға жатқызу заң жобасымен белгіленіп отыр. Шөкеевтің айтуынша, ауыл халқының жеке аула малына жайылым жетіспеушілігін шешу мақсатында заң нормасы көзделіп отыр. Ал аймақтардағы жергілікті әкімдіктер қажетті жер көлемін есептеп беріпті. Ауыл жұрты бүгінде жайылым үшін 27 миллион гектарға мұқтаж. Сондықтан, министрлік кәсіпкерлерге беріліп кеткен алқап-алқап жер аумақтарын мемлекет меншігіне қайтарып алу үшін, 180 миллиард теңге жұмсайын деп отыр. Ол бюджетке қарастырылып та қойылған. Сонымен бірге, жеке тұрғын үй салуға 173 мың гектар қажет.

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ - ҚР БҒМ вице-министрі

Биыл 1 қыркүйектен бастап аттестаттау қорытындысы бойынша мұғалімдерге білімділік санаты үшін үстемақы енгізілді.

«Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында еліміздің одан әрі дамуы бойынша біраз



мақсат-міндеттерді айқындап берген болатын. Соның ішінде, әдеттегідей білім саласына аса үлкен көңіл бөлінді. Жалпы, биылғы жылы мұғалімдердің жалақысы өсетін болып жатыр. Бұл біз үшін қуанышты жағдай. Жаңартылған білім беру мазмұнына көшкен мұғалімдердің жалақысы 30% өсіп жатыр. Сонымен қатар, 30%-дан бөлек қосымша үстемақы қарастырылып отыр. Өзінің біліктілігін анықтап, ұлттық біліктілік тестін тапсыратын біздің әріптестерімізге одан бөлек 30-дан 50%-ға дейін үстемақы қосылайын деп жатыр», - деді Асхат Аймағамбетов.

«Ең алдымен аттестаттаудан мұғалімдер өз еркімен өтеді. Кімде-кім 30-50%-ға дейін үстемақы алғысы келсе, біздің азаматтар өздерінің өтініштерін беріп, бірінші кезеңде – ұлттық тестілеуден өтеді. Ол ағымдағы жылғы 26 мамыр мен 5 маусым аралығында, екінші рет – 1-10 қараша аралығында өтеді. Ол «Оқу пәнінің мазмұны» және «Оқу әдістемесі» модульдер бойынша өтеді. 70% - пәндік білімге және 30%- педагогика мен әдістемеге бағытталған. Екінші кезең қызмет – нәтижелерінің кешенді талдамалық қорытындысы. Ол ағымдағы жылдың 31 шілдесінен 15 желтоқсанға дейін өткізіледі», - деп түсіндірді ол.

Оның айтуынша, бүгінгі күні 60 мыңнан астам ұстаз өтініш берген. Ал, бұрындары тек 13-14 мың өтініш түскен.

Ілгеріде тест тапсыру барлық мұғалімдерге міндеттелмейтін. Ал қазір тест тапсыру барлық мұғалімдерге тиісті болып отыр», - деп түйіндеді Білім және ғылым министрлігінің вице-министрі /Baq.kz/.

Жамантай БЕЙСЕНБАЕВ - Мақтаарал ауданының әкімі



«Бірінші, ауданымыздағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қол жетімді несие қаржылармен қамтамасыз ету. Екінші, ауыл шаруашылығы кооперативтері мен машина-трактор станциялар жүйе-

сін жетілдіру, ауданымызда өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық өлеуетін арттыру. Үшінші, ауданымыздағы суармалы жерлердің көлемін ұлғайту, су жүйелерінің су өткізгіштік қабілетін жақсарту іс-шараларын атқару. Оның ішінде даму банктерінің қаржылары мен жеке инвесторларды пайдаланып, ирригациялық жүйелерді қайта құра отырып, суармалы алқаптарды ағын сумен қамтамасыз ету көзделуде. Төртінші, ауданымызда ауыл шаруашылығы кооперативтерін құрып, модульді сүт қабылдау бекеттерін, мал бордақылау алаңдарын ашу жоспарланып отыр. Бесінші, алдағы жылдары ауданымыздан ауыл шаруашылығы тауарларын шаруалардан арзан бағада сатып алып, сақтау үшін қойма салу әрі ауыл шаруашылығы өнімдерін өзге аудандар мен облыстарға тасымалдау арқылы саудалау көзделуде. Міне, осы негізгі 5 бағытта жұмыс атқаратын боламыз!», - деді Жамантай Қанайұлы.

Бетті дайындаған Айдар ДИДАР.



АРЫС ҚАЛАСЫ

3 БІРДЕЙ КӨП ҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНУДА

Өткен жылы Арыс қаласының жалпы ішкі өнім көлемі 32,8 млрд теңгені құрап, тиісті кезеңмен салыстырғанда 110,8 пайызға артқан. Мұнан өзге, жеке қаражат есебінен 2 млрд 836 млн теңге инвестиция тартылып, бұл көрсеткіш 56 млн теңгеге ұлғайған. Бұған қоса, Арыста өнеркәсіп өнімінің көлемі артып, Кәсіпкерлік саласы да қанатын кеңге жайып келеді. Әсіресе, құрылыс саласында қыруар тірліктер атқарылып жатқан аймақ тынысы туралы қала әкімі Мұрат Қадырбек арнайы баспасөз жиынында жан-жақты мәлімдеді.

БАҚ өкілдеріне өткен жылы атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттерді баяндаған Арыс қаласының әкімі Мұрат Қадырбек өз есебін алдымен аймақтың қаржы-экономикалық әлеуеті-

нен бастады. Айтуынша, шаһардың ішкі өнім көлемі былтыр 320,8 млрд теңгеге жетіп, 110,8 пайызға артқан. Ал, өнеркәсіп кәсіпорындарында 2017 жылы 8 млрд 782 млн теңгенің өнімі өндіріліп, сәйкес мерзіммен салыстырғанда, нақты көлем индексі 104,6 пайызға жетіп отыр екен. Сондай-ақ, шағын және орта кәсіпкерлік саласында өндірілген өнім көлемі 1 млрд 827 млн теңгеге артса, жұмыспен қамтылғандар саны 297 адамға артып, 8156-ны құраған.

Арыс өңірінің ауыл шаруашылық са-



ласында да серпіліс мол. Айталық, мал басы және одан алынатын өнімдер өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда асыра орындалып, биыл 22 мың 900 гектарға жуық егістік жер игеріледі деп күтіліп отыр. Ал, бұл меже өткен жылмен салыстырғанда 1600 гектарға жоғары. Өткен жылы шаруашылықтың түрлі бағыттары бойынша арыстық дихандар еселі нәтижеге қол жеткізіп,

салада өндірілген өнім көлемі 13 млрд 142 млн теңгені құраған болатын. Сондай ақ, өткен жылы межелі жоспарлар тапсырмаға сай жүзеге асса Сыбаға, Құлан, Алтын асық сынды бағдарламалар да өз деңгейінде орындалған.

Ал, Арыс қаласының құрылыс саласында да былтыр қыруар тірлік атқарылған. Мәселен, аймақ бойынша есепті кезеңде құрылыс жұмыстарының көлемі 5 млрд 784 млн теңгені құраса, 25 мың 760 шаршы метрді құрайтын тұрғын үйлер құрылысы жүргізілген. Мұрат Болатұлының айтуынша, бұдан өзге биыл Арыста 3 қабатты 36 пәтерлік

3 бірдей тұрғын үй құрылыстары да жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Осылайша, аймақта атқарылған ауқымды жұмыстарды баяндаған қала әкімі БАҚ өкілдерінің сан салалы сауалдарына да жауап берді.

Мұнан өзге, көшелерді жөндеу жұмыстарымен қатар «Нұрлы жер» бағдарламасының орындалу барысына тоқталған қала әкімі Арыстағы әлеуметтік



ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ



БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША 17 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСТЫ

Сондай-ақ, бұл күні 260 мыңнан астам тұрғыны бар Киелі Түркістан қаласының әкімі Тәжібек Мұсаев та БАҚ өкілдеріне аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алда тұрған міндеттері бойынша есеп берді. Оның айтуынша, шаһардың ауыл шаруашылығы саласында ілгерілеушілік байқалады. Айталық, 2017 жылы аграрлық сектордың өнімділік көрсеткіші 44 млрд теңгеден асқан. Оған қоса, Түркістан қаласында өнеркәсіп өнімінің көлемі артып, кәсіпкерлік саласы да қанатын кеңге жайып келеді.

Баспасөз жиыны бары-


саласының өнімі 14 млрд теңгеден асқан. Ал, соңғы жылдары басымдық беріліп отырған негізгі сала - ауыл шаруашылығы. Бұл секторда өндірілген өнім көлемі өткен жылы 44 млрд 105 млн теңгеге жеткен. Сондай-ақ, Түркістанда соңғы жылдары егістікке тамшылатып суару технологиясын ендіру жұмыстары да қарқынды. Мәселен, тек биылдың өзіне аграрлық аймаққа 1000 гектарға аталмыш тәсілді ендіру тапсырмасы беріліп отыр.

Түркістан қаласында 2017 жылдың қорытындысымен «Бизнестің жол

картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалпы саны

17 жоба жүзеге асқан. Ал, өңірдегі индустриалды аймақта бүгінге дейін 13 жоба іске қосылып, тұрақты түрде жұмыс жасауда. Сонымен бірге, арнайы сауда логистикалық орталығын салу жұмыстары қолға алынып, бөлінген 20 гектар жер теліміне 10 серпінді жобаны орналастыру көзделіп отыр екен.

Осылайша, Түркістанда атқарылған жұмыстар баршылық, алдағы уақытта қала экономикасын жандандыруға арналған инвестициялық жобалар да ел әлеуетін арттыруға үлес қоса бермек. Бұл ретте қала әкімдігі Ауыл шаруашы-



сында Түркістан қаласының әкімі Тәжібек Мұсаев бірқатар салалардағы көрсеткіштерге тоқталып өтті. Айтуынша, өткен жылдың қорытындысы бойынша, шаһардың жалпы әлеуметтік дамуы сипаттайтын негізгі көрсеткіштерде өсім бар. Мәселен, ҰИИД мемлекеттік бағдарламасы аясында аймақта 15 жоба іске қосылып, өнеркәсіп



КЕНТАУ ҚАЛАСЫ

8 ИНДУСТРИАЛДЫҚ АЙМАҚ ҚҰРЫЛАДЫ

Кентау қаласының әкімі Әбдібақыт Мақұлбаев БАҚ өкілдеріне 2017 жылы атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттер бойынша есеп берді. Оның айтуынша, шағын қалаларды дамыту бағдарламасына енген шаһардың барлық саласында дерлік серпіліс бар. Айталық, жалпы өнім көлемі 39,2 млрд теңгені құраса, тиісті кезеңімен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 13 пайызға ұлғайған. Оған қоса, Кентауда жұмыссыздық деңгейі төмендеп, өнеркәсіп саласы да қанатын кеңге жайып келеді. Тұрғын - үй құрылысы бойынша бірқатар жобалар жүзеге асырылуда.

Кентау қаласының әкімі Әбдібақыт Мақұлбаевтың айтуынша, өткен жылы қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарында 28,1 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Ал, ҰИИД 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы құны 4,4 млрд теңгені құрайтын 5 жоба жүзеге асырылып, жаңа жұмыс орындары ашылған. Сонымен бірге, Кентау қаласының индустриалды аймағында 8 жоба жүзеге асырылады деп жоспарланса, оның екеуі ағымдағы жылы іске



қосылатын болады.

Кентау қаласының тұрғын үй құрылысы саласында биыл екі жоба жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы жұмыстар нәтижесінде, мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 2017-2022 жылдар аралығында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды толықтай баспанамен қамтамасыз ету жоспарланған. Айта кету керек, қала бойынша бүгінге 2 мыңнан астам азамат тұрғын үй кезегінде тұр. Мұнан өзге, шаһарда бірқатар мөлтек аудандар бойынша инженерлік инфрақұрылым жүйелерінің құрылыстарына 1,9 млрд теңге бөлініп, ұзындығы 18,8 шақырымды құрайтын автомобиль жолдары 34 шақырымға жуық тротуарлар салынатын болады.

орнатылса, нәтижесінде, 885 тұрғын үй-инженерлік инфрақұрылым жүйелерімен қамтамасыз етілмек.

Мұнан өзге, шағын және орта кәсіпкерлік ауыл шаруашылығы салалары бойынша, тиісті межелердің орындалу барысына тоқталған қала әкімі Кентаудағы көпқабатты тұрғын үйлерді жылумен қамту, газдандыру ауыз су мәселелерін шешу бағытындағы жұмыстарды да жан-жақты баяндады. Осылайша, аймақта атқарылған ауқымды тірліктерді баяндаған Әбдібақыт Тілләбайұлы қойылған сауалдарға да жауап берді.

Тоқсан бес мыңға тарта тұрғыны бар Кентау қаласында, соңғы жылдары жұмыссыздық деңгейі біршама төмендеген.

Бетті дайындаған: Абай ОМАР.



Қызылорда облысы

ЕЛ ҮКІМЕТІ АРАЛ ТЕНІЗІ ВОЗРОЖДЕНИЕ АРАЛЫНДАҒЫ ЕСКІ ПОЛИГОНДЫ ИГЕРУ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

2020 жылға дейін эпидемиологиялық талдау аяқталуы тиіс. Мемлекеттік сараптама нәтижесі бойынша полигон топырағының залалсыздығы анықталса, шаруашылық айналымға енгізіледі. Арнайы құрылған ведомствоаралық комиссия сондай-ақ, қазақ-өзбек мемлекеттік шекарасын шегендеу мәселесін де қарастырады. Арал теңізі обаға қарсы күрес станциясы кеміргіштер арқылы ғылыми зерттеулер жүргізіп, азаматтардың бұрынғы полигонға баруының қауіпсіз бағытын айқындайды. Ауқымды жоспарды жүзеге асыру жауапкершілігі орталық мемлекеттік органдар және Ақтөбе мен Қызылорда облысының әкімдіктеріне жүктелді.



Ақмарал Әлназарова, ведомствоаралық комиссия мүшесі:
- Қазіргі таңда бактериологиялық элементтер көмілген аумақты қоршауға қаржы бөлу жағы есептелініп жатыр. Осы көктемде әр мемлекеттік органдар бекітілген жоспар бойынша бөлек-бөлек жұмыстарын бастайды.

Ақтөбе облысы

Б. САПАРБАЕВ: ҮӘДЕ БЕРГЕН СОН ОРЫНДАУ КЕРЕК



Ақтөбе облысының әкімдігінде өңір басшысы Бердібек Сапарбаевтың төрағалығымен жиналыс өтіп, барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдындағы есептік кездесулерінде аталған проблемалық сұрақтардың шешімі қаралды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 15 қаңтардан бастап 21 ақпанға дейін Ақтөбе облысында барлық деңгейдегі әкімдер 553 есептік кездесу өткізіп, оған 50 мыңға жуық тұрғын қатысты.

Кездесу кезінде 1173 адам өтініштерін, арыз-шағымдарын, ұсыныстарын айтты. Жүгінулердің жалпы санының 29%-ы жұмыспен қамтуға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен елді мекендерді абаттандыруға, 12,8% - жолдарды жөндеу мен салуға, 10% - әлеуметтік нысандарды жөндеу мен салуға қатысты болды.

Облыс әкімінің аппарат басшысы Н.Қалауовтың мәліметінше әлеуметтік салаға байланысты барлығы 947 сұрақ қойылған, олардың дені сол жерде түсіндіріліп, шешілген.

200-ден астам сұрақ бақылауға алынып, оның қыруар ақшалай салымды қажет ететін 33-і облыстық әрекет ету жоспарына біріктірілді. Негізнен, оған елді мекендерді газбен, сумен және көріз жүйесімен қамтамасыз ету, жолдар мен көпірлерді жөндеу және салу, оқу ғимараттарының, мәдениет нысандары мен спорттық ғимараттардың құрылысы және т.б. кіреді.

Облыс әкімі баяндаманы тыңдап шығып, бақылауға алынған сұрақтарды дер кезінде және сапалы шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауды тапсырды.

- Үәде берген соң, орындау керек. Бастысы, жақын арада нені шеше алатынымызды ашық айтып, қандай жобалардың ұзақ уақыт жүзеге асыруды талап ететіндігі жайында азаматтарды хабардар ету керек. Мәселен, газға, жолға қатысты сұрақтар уақытты қажет етеді. Бүгінде біздің облыстың газбен қамтылуы 88%, сумен қамтылуы 88%-ды құрайды және біз халықты коммуналдық игіліктермен қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастырамыз. Жолдардың жағдайы - басты проблемалардың бірі. Үлкен көлемді жұмысты орындау үшін, мердігер мекемелерге жол құрылысы материалдарын жергілікті қамтудың есебінен барынша арзандату керек. Осы жылы асфальтты төсей алмасақ, қара жолдар салу қажет, - деп атап

Павлодар облысы

Алматы қаласында 2018 жылдың 12-15 сәуір күндері өткізілген «INFOMATRIX-ASIA 2018» Халықаралық компьютерлік жобалар конкурсына әр түрлі мемлекеттерден 450 оқушы қатысты.

Жас зерттеушілер 7 номинацияда білімдерін сынады: математикалық жобалар, робототехника, бағдарламалау, компьютерлік графика мен өнер, басқару жүйелері, қысқа метражды фильмдер, дрондар жарысы.

Өніріміздегі дарынды ер балаларға арналған «БІЛІМ-ИН-НОВАЦИЯ» лицей-интернатының оқушылары жыл сайын бұл байқауда жарқын жеңісте-



КОМПЬЮТЕР ДАНЫШПАНДАРЫ

рімен көрінуде. Биылғы жыл да табысты болды.

Конкурс қорытындысы бойынша Хасанов Рустем, Тілеубердиев Кенесары, Рахат Шыңғыс алтын медальға ие болды. Қола медальдарды Темербаев

Ади, Берсүгір Абдулғафур, Данияров Данияр иеленді. С.Демирел университетінің 100%-дық оқу гранты 8 сынып оқушысы Хасанов Рустемге, ал 50%-дық грант 10 сынып оқушысы Рахад Шыңғысқа

Қарағанды облысы

ҰЛЫТАУ АУДАНЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ «DAMUMED» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



мекеме, бөлім басшылары, село, кент әкімдері толық қатысып, осы аптадағы кезекті аппарат мәжілісі өтті.

Кезекті аппарат отырысы аудан әкімі орынбасарларының аптааралық есеп беруінен басталды. Ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік саласы бойынша аудан әкімі орынбасары Мақсұт Сәрсембайұлы төмендегідей баяндады.

Көктемгі егін себу науқанына байланысты жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Науқандық жұмыстарға 325 тонна жанар-жағар майдың 117 тоннасы сураныстар қабылданды. Тұқымға құйылған 2700 тоннаның сынамалары аудандық зертханаға өткізілді. Жалпы ауылшаруашылығы өнімдерінің айғақты көлем индексі

қаңтар айында 101,4%, ақпан айында 101,2% құрады.

Сонымен қатар, Қоскөл селолық округінде ет өндіру бағытындағы құрамында 21 мүшесі бар «Ақшал» селолық өндірістік кооперативі құрылды.

Тағы бір айта кетерлігі, жылдағы қалыптасқан аптаның бейсенбі күндері жәрмеңке ұйымдастыру жұмыстары басталды.

Аудан әкімінің орынбасары Дана Бекішұлы көктемгі су тасқынына байланысты жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Ұлытау селосында су алатын үйлердің қарлары алдын ала тазаланғанын мәлімдеді. Сарысу өзені, Қарсақбай, Кененбай тоғандарынан су жіберіле бастады. Барлық селолық округтер бойынша сақтық шаралары жүйелі жүргізілуде.

Аудан әкімінің әлеуметтік сала бойынша орынбасарының м.а. Бағдат Тілеуліұлы медицина саласындағы жаңа ұялы телефон арқылы «DamuMed» мобильді қосымшасын орнатып, тіркелу жұмыстары жөнінде түсіндірме жүргізді. Яғни, аталған бағдарлама көмегімен кез келген уақытта дәрігер қаралуына жазылу, науқас парақшасын қарау, мамандарды үйге шақыру, дәрі рецепттерін қарау сынды жұмыстарды жүргізуге болады. Қазіргі таңда республика көлемінде орнатылып жатқан бұл «DamuMed»

Батыс Қазақстан облысы

ОРАЛДАҒЫ ЖАНА ШАҒЫН АУДАН КІМНІН ЕСІМІН ИЕЛЕНДІ?



Оралдағы 5-шағын ауданға ақын, Қазақстан халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қадыр Мырза Әлидің есімі берілді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Облыстық тілдерді дамыту басқармасынан түскен мәліметке қарағанда, бұл жөнінде ҚР Үкіметі жанындағы республикалық ономастика комис-

сиясының оң қорытындысы шықты.

Сонымен қатар, осы шағын аудандағы жаңа алаң Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті алаңы болып аталатын болды. Тағы екі шағын аудан «Көкжиек» пен «Сарыарқа», ремзавод ауданындағы сквер «Чернобыль» апатының салдарын жоюшылар» атауын алды.

Оған қоса қаладағы 83 көшеге танымал тұлғалардың есімдері мен үйлесімді атаулар берілді.

«Енді республикалық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде алдағы мамыр айында өтетін сессияда қала әкімдігі мен қалалық мәслихаттың бірлескен шешімі қабылданады», деп хабарлады басқармадан.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» кезекті Жолдауы еліміз үшін дамудың жаңа кезеңінде туындайтын міндеттер жүктеп отыр. Біздің, мемлекеттік кірістер органдарының мақсаты - қоғамның талабымен, оның дамуымен қатар жүру ғана емес, азаматтардың бүгінгі уақытқа сай көзқарасы мен талғамын қалыптастыруға үлес қосу болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, мемлекетіміздің қаржылық тұрақтылығын, экономикалық қауіпсіздігін, салық түсімдерін толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету міндетін, сондай-ақ тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің

тамасыз етілді. (1 тоқсан 2017ж. - 27,4 млрд.тг.)

Ағымдағы жылдың 1 тоқсан қорытындысымен салықтар мен кедендік төлемдерді өкімшіліктендіру жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыру, құқық қорғау және уәкілетті органдармен бірлесе атқарған іс-шаралардың нәтижесінде 5,6 млрд.тг. қосымша кіріс көздері анықталып, мемлекеттік бюджетке толығымен



ЗАМАН ТАЛАБЫМЕН ҮНДЕСКЕН САЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕН САЯСАТЫ

қолжетімділігі және салық төлеушілердің көрсетілетін қызметке қанағаттану деңгейін жоғарылату бағытындағы атқарылған жұмыстарды білу мақсатында ОҚО бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы, экономика ғылымдарының докторы, профессор **Алтынсары ҰМБЕТАЛИЕВКЕ** бірқатар сауал жолдаған болатынбыз.

- Алтынсары Дүйсенбекұлы, ағымдағы жылдың 1 тоқсан қорытындысымен салықтар мен кедендік төлемдерді өкімшіліктендіру жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыру, құқық қорғау және уәкілетті органдармен бірлесе атқарған іс-шаралардың нәтижесі қандай?

- Біздің Департамент 2018 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен мемлекеттік бюджет жоспарын 111,7% орындады, яғни 2018 жылдың 1 тоқсанға мемлекеттік бюджет жоспары 68,7 млрд.тг болса, бюджетке 76,7 млрд.тг нақты өндіріліп, 8 млрд.тг артығымен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 106,1% құрады немесе 4,4 млрд. теңгеге артты.

Оның ішінде: Республикалық бюджеттің жоспары 104% орындалды немесе 1,7 млрд.тг артығымен түсіп (жоспар 43,2 млрд.тг., нақты түсім - 45 млрд.тг.), түсімдердің өсу қарқыны 100% құрады (1 тоқсан 2017ж. - 45 млрд.тг., 2018г. - 45 млрд.тг.).

Жергілікті бюджеттің жоспары 124,8% орындалды немесе 6,3 млрд.тг артық түсіп (жоспар 25,5 млрд.тг., нақты түсім 31,8 млрд.тг.), өсу қарқыны 116,3% құрап отыр немесе 2017 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда 4,5 млрд.тг артық қам-

мендірілді (1 тоқсан 2017ж. - 4,8 млрд.тг.), оның ішінде жергілікті бюджетке 2,7 млрд.тг. түсті (1 тоқсан 2017ж. - 1,8 млрд.тг.) немесе жалпы түсімдердің 5% құрады.

Қосымша кірістер кедендік құнды түзету нәтижесінде 1,1 млрд.тг. (2017ж. - 1 млрд.тг.), бейөндірістік төлемдерді өкімшілендіру нәтижесінде 2,1 млрд.тг. (2017ж. - 1,6 млрд.тг.), камералдық бақылау жұмыстарының нәтижесінде 1,4 млрд.тг. (2017ж. - 451,2 млн.тг.), мөжбүрлеп өндіру шаралары нәтижесінде 411 млн.тг., бақылау-экономикалық жұмыстарының нәтижесінде 273,6 млн.тг., Еуразиялық экономикалық одағы шеңберіндегі жанама салықтарды өкімшіліктендіру нәтижесінде бюджетке 107,5 млн.тг. өндірілді.

Мемлекетіміздің стратегиялық мақсатының бірі - елдің ішкі жалпы өніміндегі шағын және орта бизнестің үлесі 2050 жылға қарай кем дегенде 50% болуын қамтамасыз ету.

Бүгінгі таңда, облысымызда 207 мыңнан астам шағын және орта бизнес өкілдері жұмыс атқаруда. Осы субъектілерден 2018 жылдың 1 тоқсанында мемлекеттік бюджетке 33,4 млрд.тг немесе жалпы түсімнің 46% құрап отыр. 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, кіші және орта бизнес субъектілерінің түсімдері 4,8 млрд.тг немесе 17% артты (1 тоқсан 2017ж. - 28,6 млрд.тг.).

- Жоспарланған мақсатқа жету жолында облыста өзіңізге белгілі мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Айтыңызшы, «Бизнестің жол картасы-2020» және «Индустрияландыру картасы» сынды бағдарламалар бойынша нендей жұмыстар жүзеге асты?

- 2010 жылдан бастап «Бизнестің жол картасы-2020» және «Индустрияландыру картасы» атты бағдарламалар бойынша жыл сайын қатысушылары

мен олардың салықтық төлемдері өсуде.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарлама аясында, мақұлданған жобалардың қатысушыларынан 2018 жылдың 1 тоқсанында мемлекеттік бюджетке 4,8 млрд.тг өндірілді. 2017 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда, түсімдер 900 млн.тг артты (1 тоқсан 2017ж. - 3,9 млрд.тг.). «Бизнес жол картасы -2020» бағдарламасы аясында 21 мыңнан астам адамдар жұмыспен қамтылды.

Ал, «Индустрияландыру картасы» бағдарламасы шеңберінде 13,5 мыңнан аса адам жұмыспен қамтамасыз етілді. Осы мемлекеттік бағдарлама қатысушыларынан 2018 жылдың 1 тоқсанында 4,2 млрд.тг өндіріліп, 2017 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда, түсімдер 900 млн.тг өсті (1 тоқсан 2017ж. - 3,3 млрд.тг.).

- Бюджеттің кіріс бөлігін толықтырудың басты дерек көздерінің бірі тауарлардың сыныпталуының дұрыстығына және мәлімделген кедендік құнына бақылау болып табылады. Бұл бойынша не айтар едіңіз?

- 2018 жылдың 1 тоқсанында 6 391 тауарларға арналған декларациялары ресімделген (2017ж. 1 тоқсанында - 4 937 ТД), оның ішінде:

«ішкі тұтыну үшін шығару» кедендік рәсімімен - 3 782 ТД (2017ж. 1 тоқсанында - 2 941 ТД);

«экспорт» кедендік рәсімімен - 2 319 ТД (2017ж. 1 тоқсанында - 1 739 ТД).

басқа кедендік рәсімдермен - 290 ТД (2017ж. 1 тоқсанында - 255 ТД).

Жүктерді өңдеу уақытын қысқарту шеңберінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Стратегиялық жоспарына сәйкес, мемлекеттік кірістер органдарының қызметінде 2 басым сипаттағы тауарларға кедендік тазарту 4 сағат 30 минут және шекарадан өту уақыты 60 минут белгіленген (2017ж. 1 тоқсанында - 61 минут).

Шекарадан өту уақыты бойынша 33 603 жүк автокөліктеріне бақылауды жүргізу кезінде (2017ж. 1 тоқсанында - 13 598 АКҚ), 13 100 транзиттік декларацияларын (2017ж. 1 тоқсанында - 12 200 ТД) және 33 877 көлік құралына арналған декларацияларын ресімдеу кезінде (2017ж. 1 тоқсанында - 33 545 КҚКД), орташа уақыты 32 минутқа жеткізілді (2017ж. 1 тоқсанында - 38 минут).

Сондай-ақ, 2018 жылы электронды декларациялаудың «Астана-1» ақпараттық жүйесі қолданысқа енгізілді. Аталған жүйенің негізгі мақсаты кедендік ресімдерді жылдамдату, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың уақыттық және қаржылай шығындарын қысқарту, электронды декларациялау жүйесін енгізу, құжаттар санының қысқаруына мүмкіндік туғызу, алдын - ала ақпаратты ұсыну және кедендік декларацияны шығару болып табылады.

Жаңа ақпараттық жүйе, электронды декларациялау деректерін толықтай кодпен цифрландырып, өндейді. Сонымен қатар, кедендік салықтар мен төлемдерді автоматты түрде есептеп, өндіруді жүзеге асырады. Декларацияны өңдеу және «жасыл дәлізбен» шығаруға 1 минуттай ғана уақыт жұмсалады.

«АСТАНА-1» ақпараттық жүйесі іске қосылған уақыттан бастап ОҚО бойынша МКД қызмет ету аймағында:

- 33 544 транзиттік декларация;
- 3 435 тауарларға арналған декларация, соның ішінде ішкі тұтыну үшін кедендік рәсімі бойынша 895, экспорт кедендік рәсімі бойынша 2 506 және басқа да кедендік рәсімдер бойынша 34 тауарларға арналған декларация шығарылған.

Сонымен қатар, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларына, кеден өкілдеріне, Департамент қызметкерлеріне және ықпалдасқан қызметтер мамандарына «АСТАНА-1» ақпараттық жүйеге қолжетімділік берілді.

- Алтынсары Дүйсенбекұлы, Сіз басқарып отырған Департаменттің Экономикалық тергеу қызметі мемлекетіміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, экономикалық қылмыстардың алдын алу, жолын кесу бағытында құқық қорғау органдарымен бірлесе атқарған жұмыстар жайында да аздап тоқталсаңыз...

- Ағымдағы жылдың 1 тоқсан қорытындысымен Экономикалық тергеу қызметінің өндірісінде 153 іс сотқа дейінгі тергеп-тексеру болған, оның ішінде өндіріспен 107 іс аяқталып 73 іс сот қарауына жолданған немесе өндіріс-тегі істің 47,7%. Ал, экономикалық санаттағы қылмыстарды анықтау көрсеткіші 53 қылмыс немесе өндірістегі істердің 34,6%. Оның 30 өндіріспен аяқталып, 11 іс сотқа жолданған.

Ағымдағы жылы ұйымдасқан қылмыстық топтарды құру және басшылық жасау дерегі бойынша өндірісте 2 сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық іс болған.

Жедел іздестіру іс-шараларының нәтижесінде «Шымкент қаласы жұмыспен қамту орталығының» қызметкерлерінің «Бизнестің жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша бөлінген бюджеттік 432 млн. теңге қаржының жымқырылу дерегі анықталған. Аталған дерек бойынша аз. Жунусалиеваға қатысты ҚР ҚК-нің 190 бабы 4 бөлігі, 218 бабы 1,3 бөлігі, 262 бабы 1,2,3 баптары бойынша іс сот қарауына жолданған.

Экономикалық контрабанда және есірткі заттарының заңсыз айналымы дерегі бойынша өндірісте 39 сотқа дейінгі тергеп-тексерулер бойынша қылмыстық істің 38 қылмыстық іс өндіріспен аяқталып, сотқа жолданды. Жедел-ізвестіру іс-шаралары кезінде қызметтік-ізвестіру итері арқылы есірткі заттарының контрабандасы бойынша заңсыз айналымнан 232,3 гр. есірткі заттары тәркіленді, оның ішінде 203,2 гр. марихуана, 26,4 гр. гашиш және 2,6 гр каннабис смоласы.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауларынан туындаған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарлама аясында, ҚР Қаржы министрлігімен «Салықтық және кедендік әкімшілендіруді цифразациялау» пилоттық жобасы іске асырылуда. Оның басты мақсаты, салықтық және кедендік әкімшілендіру бизнес-процестерін автоматтандыру болып табылады.

Сондай-ақ, электрондық жетілдірілген нысанда жұмыс жасаудың жаңа қадамы - Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы қылмыстық іс кесу органдарына 2018 жылдан енгізіп отырған «Е-қылмыстық іс» жобалық жүйесі. Қылмыстық процесті цифрландырудың бұл үлгісі қылмыстық істің тіркелуінен бастап, үкімнің орындалуына дейінгі барлық кезеңді қамтиды.

Бұл жүйеде істің материалдарын өзгертуге мүмкіндік болмайды, айғақтарды, құжаттарды жинақтау жеңілдейді, тергеу орындары мен сот органдарының шығындары азаяды.

Бүгінгі күні Экономикалық тергеу қызметінде «Е-қылмыстық іс» жобалық жүйесі қолданысқа еніп, алғашқы қылмыстық іс ҚР ҚК-нің 234 бабымен электронды форматта тіркелді.

Сонымен қатар, Экономикалық тергеу қызметімен ағымдағы жылдың наурыз айында интернет жүйесінде есірткі заттарын сату дерегі анықталған. Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігіне талап-тілек жолданып, аталған интернет-ресурстың жұмысын тоқтату талабы жолданды.

Жалпы сыбайлас жемқорлық көріністерінің алғышарттарының бірі- шенеуніктің азаматпен тікелей байланыста болуы болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу рәсімі неғұрлым оңай және ашық болса, сыбайлас жемқорлықтың деңгейі де соншалықты төмен болады. Сол себепті, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды кең пайдалану, адам факторының ықпалын барынша азайтады. Мемлекеттік қызметтерді көрсетуде біздің кеден, салық салаларында рәсімдер барынша автоматтандырылған.

Бүгінгі таңда мемлекеттік кірістер

органдарында 58,3 пайызы немесе 28 түрі салық қызметінен, 41,7 пайызы немесе 20 кедендік қызметтерден тұратын жалпы 48 түрінен қызметтер көрсетіледі. Бүгінгі таңға бекітілген қызмет түрінің 40 жуығын қағаз түрінде де және электронды түрде де алуға болады. Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында 566 884 қызмет көрсетілсе, соның 530 519 немесе 93,5% электронды түрінде, 36 365 немесе 6,5% қағаз түрінде қызметтер көрсетілген. Соның ішінде тапсырылған 337 477 салық есептілігі нысандарының 337 205, яғни 99,9% үлесі электронды түрде табысталған.

- Салық төлеу- барша қазақстандықтардың маңызды міндеті. Осы тұрғыда жасалынатын төлемдерді оңтайландыруда жасалынған жұмыстар қандай?

- Облыс тұрғындарына қолайлы жағдай жасау, салықты оңай және уақтылы төлеу, салық түсімдерін арттыру мақсатында облыс әкімдігінің қолдауымен, тұрғындардың мүлік, жер және көлік салықтарының қарыздары туралы мәліметтерді бірыңғай коммуналдық төлемдер құжатына енгізу пилоты ұйымдастырылып, жүргізілуде. Атап айтқанда, Шымкент қаласы бойынша коммуналдық төлемдер туралы түбір-тектерді қалыптастыру және абоненттерге таратумен айналысатын «ОМЕГА-XXI» серіктестігі дерекқорымен (190 663 абоненттер) сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде.

Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында Шымкент қаласы бойынша 177 293 абоненттердің жеке сәйкестендіру нөмері анықталып, 1 428 млн. теңгені құрайтын салықтық қарыздары (мүлік, жер, көлік) туралы мәліметтер бірыңғай коммуналдық төлемдер құжатына енгізіліп, абоненттерге таратылды және осы бағыттағы жұмыстар жалғасын табуда. Таратылған абоненттерден бүгінгі күні 25 766 абоненттен 64 863 мың теңге салықтық қарыздар өндірілді.

Осының барлығы электронды форматқа, сандық жүйеге көшудің, «ақылды қала» болудың алғашқы қадамдары және оған жергілікті мемлекеттік кірістер органдарының үлесі де қомақты болмақ.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің ұжымы мемлекетіміздің нығайып дамуына, экономикамыздың қарқынды өсуіне және халықтың әлеуметтік қамтылуына салықтық, кедендік түсімдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз етуде нәтижелі істерімен атсалыса береді.

- Маңызды ақпараттарыңызға рахмет.

Дайындаған:

БІЗДІҢ АРДАГЕРІМІЗ - БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Назарбеков Абдраш, 1921 жылдың 21 қаңтарында бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы, Қараспан совхозы, Ленин бөлімшесінде дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі - жоғары педагогикалық (Қызыл-орда мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген). Әскери шені - офицер, бұрын-соңды сотталмаған. Жанұясы-көпбалалы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері.

1-ші Екпінді Армиясында, 3-ші Екпінді Армиясында, Прибалтика фронтында айыпталғандар (штрафорта) ротасының командирі болған, бір-ақ өзі сотталмаған. Ұлы Отан соғысында Отанды қорғап, көрсеткен аса зор жанқиярлық ерлігі үшін “Александр Невский”, “Қызыл Жұлдыз” ордендерімен және бейбіт кезеңінде “Ұлы Отан соғысында Германиядағы жеңіс үшін”, “ҰОС-Жеңістің 25 жылдығымен”, “ҰОС-Жеңістің 30 жылдығымен”, “СССР Қарулы Күшіне - 60 жыл” медальдарымен марапатталған. 1978 жылдың 29 маусымында қара халықты сауаттандыруға ерекше өз үлесін қосқаны үшін, білім саласында сапалы, ұзақ жылдар бойы адал қызмет атқарғаны үшін СССР Жоғарғы советінің Президиумының атынан Чимкент облыстық Советінің халық депутаттарының шешімі бойынша “Еңбек Ардагері” медальымен марапатталған.

“Қызыл Жұлдыз” орденімен 1942-1943 жылдары Солтүстік-Батыс фронтында атқыштар взводында командирі болып, соғыста көрсеткен ерлігі үшін марапатталған. 1944 жылы Прибалтика фронтын-



Суретте: А. НАЗАРБЕКОВ

да айыпталғандар ротасының командирі болып, қан майданда көрсеткен ерлігі үшін “Александр Невский”, яғни қолбасшыларды ғана марапаттайтын орденімен марапатталған.

“Александр Невский” ордені “полководческий” ордендерінің қатарына жатады. Назарбеков Абдраш “Александр Невский” орденінің кавалері. Жоғарыда аталған ордендерді Ұлы Отан соғысында командирдің жеке батырлығы үшін, әскери тапсырманы орындау барысында ойламаған жерде, қиын жағдайда өз еркімен ше-

шім қабылдап, тапқырлығымен, ерлігімен, батылығымен жауды үлкен соққыға ұшыратып, өз жауынгерлерін аз шығынмен алып шыққаны үшін марапатталған.

Бүгінгі атқан таң, бейбітшілік өмір-соғыс ардагерлерінің ұмытылмас ерлігі.

ОҚО, Шымкент қалалық білім бөлімінің “Абдраш Назарбеков атындағы №87 жалпы орта мектебі” бүгінгі күні жұмысын жалғастыруда. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің №385 қаулысы 2015 жылдың 14 желтоқсан айында Шымкент қаласы, Абай ауданы, Солтүстік - Батыс мөлтек ауданынан “Абдраш Назарбеков” көше атауын берілді.

Мектепке ержүрек ұстаздың есімі берілуді ұстаздар және ұлтымыздың болашағы болатын ұрпақтарымызды азаматтық пен елжандылыққа, өз отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруға, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Отан сүйгіштік бағытта тәрбие береді.

*Ар сыналған жылдарды отты кешті,
Аяр жаумен аянбай қиян-кескі.
Сұм соғысқа аттанған талай ердің,
Өр кеудесін боршалап, оқтар тескі.*

*Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алаң басып,
Батырдың ұрпақтары-баласы бар.*

*Көзін салып, көгіміз бен елімізге,
Туын тікпек болғандар төрімізге,
Абдраш сынды аталардың мысы басып,
Қарыс қадам баспады жерімізге.*

*Аз емес, зар жылаған, егілген жан,
Аз емес, өшкен өмір, төгілген қан.
Кеудеге зілді қасірет, салды соғыс,
Қирады талай арман көңілге алған.*

*Талай жанды қиды ажал балтасы,
Жауды жеңіп қайтты ауылға қаншасы.
Біздің мына бейбіт өмір алаңсыз,
Ел қорғаған батырлардың арқасы.*

*Қастерлейді еліміз қаһарманын,
Жүр есінде сан жорық, сапарларын.
Нардай тұлға ардақты ардагерін,
Ұмытпайды ұлықтап ұрпақтары.*

*Ұстаз болдың сұм соғыс басталарда,
Жиырма жасар жігіт едің ойы дара.
Өз еркімен соғысқа аттанғанын,
Үлгі болды ой тастап бсқаларға.*

*Жарқын жүзді, жүрегі ақ, жаны асыл,
Бейінең өшпес, өтсе де сан мың ғасыр.
Қасиетті білімнің ордасында,
Есіміңді құрметпен беріп жатыр.
Аруна ЖАҚСЫБЕК
8 "В" сынып оқушысы*

*Жадында орнап қалған жаз әндетіп,
Махаббаттар Отанға ажарлы етіп.
Қайсар қазақ аттанды қан майданға,
Өз еркімен Абдраш Назарбеков.*

*Жеңіс осы тұлғамен қатар келді,
Қорғады кеудесімен Отанды, елді.
Көк байрақты тәуелсіз қырағы елдің,
Қаһарманы, батыры атанды енді.*

*Әуелі сыйлады елге білім нұрын,
Шәкірттердің бойына сіңірді ілім.
Осындай тұлғалардың арқасында,
Аспанына қазақтың ілінді күн.*

*Ұқсайды биік маңғаз тауға әлемі,
Жеткізді шапағатты таңға әдемі.
Азат күн сыйлады елге дәл осындай,
Қазақтың қарапайым ардагері.*

*Еркіндікке ертеңін жалғау үшін,
Қос қолына ұстады ар-намысын.
Қалам алды елінің ертеңі үшін,
Қару алды отанын қорғау үшін.*

*Алдымен осы күнге шүкір айтып,
Құрметтейтін өзінен елін артық.
Атыңызды мектепке беріп жатыр,
Шәкірттерге үлкен бір сенім артып.*

*Өмірде арды ойлаған Сіз дарасыз,
Болашақтың шамшырағын
Сіз жағасыз.
Ұрпаққа білім сыйлар орда болып,
Мәңгілік есімізде Сіз қаласыз.*

Әліби ӘЛАЙДАРҰЛЫ,
6 "А" сынып оқушысы
Шымкент білім бөлімінің
“Абдраш Назарбеков атындағы
№87 жалпы орта мектебінің ұжымы”.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті хабарлайды!

Құрметті Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғындары!

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшы орынбасарының міндетін атқарушы-Экономикалық тергеу қызметіне жетекшілік ететін, Руслан Аскарович Кудешев, Шымкент қаласы Бейбітшілік көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Құқық қорғау қызметтер орталығында», ағымдағы жылдың мамыр, қыркүйек, қазан айларының үшінші жұмасында, сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін азаматтарға жеке қабылдау жүргізеді.

Қабылдауға жазылу «Құқық қорғау қызметтер орталығында» немесе 8/7252/35-37-91 сымтетігі арқылы жүзеге асырылады.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛСЫН!

Өздеріңізге белгілі 2017 жылы 28 ақпанда № 17-388-5 Елбасының жергілікті жерлерде кездесетін идеологиялық тұрғыдан ескірген және қайталанатын атауларды тарихи жер-су атаулары және ұлттық танылға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту, сондай-ақ кісі аттарына мейлінше шектеу қою туралы барлық билік тармақтарына қатаң ескерту жөнінде тапсырмасы келіп түсті.

Бүгінгі таңда, аталған тапсырмаға сәйкес жергілікті жерлерде тиісті жұмыстар жүргізіп

келеді. Дегенмен, кейбір өңірлерде әлі де жоғарыдағы тапсырманы сақтамай, сондай-ақ

қолданыстағы заңнамада көрсетілген ономастика жұмысының критерийлеріне сәйкес келмейтін кісі есімдерін беру мәселесі кездеседі.

Осы ретте, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан ортақ тарихи сананы қалыптастыру мақсатында «Тарихи тұлғалар», «Тарихи жер-су атаулары» және «Дәстүрлі атаулар» тізімдері жобасы әзірленіп, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісілді. Сондай-ақ, аталған тізім жобалары үстіміздегі



жылы 12 наурызда өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының отырысында қаралып, мақұлданды. Осыған орай, алдағы уақытта объектілерге, әкімшілік-аумақтық

бірліктерге, олардың құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау кезінде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісілген «Тарихи тұлғалар», «Тарихи жер-су атаулары» және «Дәстүрлі атаулар» тізімдерін басшы-

VI-XII ҒАСЫРЛАРДА ӨМІР СҮРГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

1. Батыс ғұн тайпалар одағының аты аңызға айналған көсемі – Ер Еділ.
2. Шығыс Түркі Қағанаты заманындағы абыз, қаған кеңесшісі – Тонныкөк.
3. Шығыс Түркі Қағанатының қағаны – Білге қаған.
4. Шығыс Түркі Қағанатының қолбасшысы – Култегін.
5. Түркі дәуіріндегі ұлы жырау – Қорқыт ата.
6. Орта ғасырдағы түркі әлемінің данышпан ойшылы, энциклопедист ғалым – Әбу Насыр Әл-Фараби.
7. Түркі дәуіріндегі «Құтты Білік» дастаны-

ның авторы – Жүсіп Баласағұн.

8. Түркі дәуіріндегі ғұлама-ғалым, түркітілдерінің сөздігін жасаушы – Махмұд Қашқари.

9. Түркі дәуіріндегі діндар-философ, сопылық ілімнің негізін қалаушы – Қожа Ахмет Йассауи.

10. Ортағасырлық ақын, хакім, ойшыл – Ахмет Йүгінеки.

11. Қазақ халқының төбе биі – Майқы би.

12. Жырау, күйші, аңыз кейіпкер, қазақтың ұлы жыршысы – Кетбұға.

13. Мысырда мәмлүктер мемлекетінің негізін салушы – Бейбарыс

XIV-XVIII ҒАСЫРЛАРДА ӨМІР СҮРГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР


15. Асанқайғы жырау
16. Қазтуған жырау
17. Алпамыс батыр
18. Қобыланды батыр
19. Керей хан
20. Шалкиіз жырау
21. Жәнібек хан
22. Доспамбет жырау
23. Мұхаммед Хайдар Дулати
24. Қасым хан
25. Қадырғали Жалайыр
26. Хақназар хан
27. Жиенбет жырау
28. Жалаңтөс батыр
29. Тәуекел хан
30. Қарасай батыр
31. Есім хан

32. Салқам Жәңгір
33. Әйтеке би
34. Төле би
35. Қожаберген жырау
36. Қазыбек би
37. Бұқар жырау
38. Ақтамберді жырау
39. Тәуке хан
40. Бөгенбай батыр
41. Қабанбай батыр
42. Әбілқайыр хан
43. Үмбетей жырау
44. Райымбек батыр
45. Наурызбай батыр
46. Абылай хан
47. Сырым батыр
48. Исатай батыр

XIX-XXI ҒАСЫРЛАРДА ӨМІР СҮРГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

49. Жанқожа батыр
50. Кенесары хан
51. Дулат Бабатайұлы
52. Ағыбай батыр
53. Адольф Янушкевич
54. Есет батыр
55. Махамбет Өтемісұлы
56. Тәттімбет
57. Сүйінбай жырау
58. Шортанбай ақын
59. Құрманғазы
60. күйші Дәулеткерей
61. Біржан сал
62. Шоқан Уәлиханов
63. Майлықожа ақын
64. Григорий Потанин
65. Жаяу Мұса
66. Ыбырай Алтынсарин
67. Мұрат Мөңкеұлы
68. Ақан сері
69. Ықылас Дүкенұлы
70. Абай
71. Жамбыл
72. Мәшһүр Жүсіп
73. Шәкәрім
74. Мұрын жырау
75. Үкілі Ыбырай
76. күйші Дина
77. Балұан Шолақ
78. Барлыбек Сыртанов
79. Ақыт Үлімжіұлы
80. Естай
81. Александр Затаевич
82. Әлихан Бөкейхан
83. Қажымұқан
84. Кейкі батыр
85. Ахмет Байтұрсынұлы
86. Мұхамеджан Сералин
87. Амангелді Иманов
88. Жақып Ақбаев
89. Сейітқали Мендешев
90. Халел Досмұхамедұлы
91. Кенен Әзірбаев
92. Міржақып Дулатұлы
93. Жанша Досмұхамедұлы
94. Әміре Қашаубаев
95. Жүсіпбек Аймауытұлы
96. Санжар Асфендияров
97. Мұстафа Шоқай
98. Әлімхан Ермеков
99. Нәзір Төреқұлов

100. Жұмат Шанин
101. Мағжан Жұмабаев
102. Сұлтанмахмұт Торайғыров
103. Тұрар Рысқұлов
104. Сәкен Сейфуллин
105. Бейімбет Майлин
106. Ілияс Жансүгіров
107. Мұхтар Әуезов
108. Темірбек Жүргенов
109. Сұлтанбек Қожанов
110. Қаныш Сәтпаев
111. Сабыр Рахимов
112. Сәбит Мұқанов
113. Ғабит Мүсірепов
114. Әлкей Марғұлан
115. Әбілхан Қастеев
116. Евгений Брусиловский
117. Ахмет Жұбанов
118. Латиф Хамиди
119. Бауыржан Момышұлы
120. Күләш Байсейітова
121. Шара Жиенқұлова
122. Дінмұхамед Қонаев
123. Шәкен Айманов
124. Ермұхан Бекмаханов
125. Жұмабек Тәшенов
126. Ілияс Есенберлин
127. Халифа Алтай
128. Қасым Қайсенов
129. Мәншүк Мәметова
130. Хиуаз Доспанова
131. Талғат Бигелдинов
132. Роза Бағланова
133. Рақымжан Қошқарбаев
134. Бердібек Соқпақбаев
135. Сағадат Нұрмағанбетов
136. Әлия Молдағұлова
137. Нұрғиса Тілендиев
138. Дәнеш Рақышев
139. Ермек Серкебаев
140. Шәмші Қалдаяқов
141. Мұқағали Мақатаев
142. Өзбекәлі Жәнібеков
143. Әзірбайжан Мәмбетов
144. Қадыр Мырза Әли
145. Тұманбай Молдағалиев
146. Асқар Сүлейменов
147. Фариза Оңғарсынова
148. Әбіш Кекілбайұлы
149. Оралхан Бөкей
150. Қайрат Рысқұлбеков



Республиканың сот органдары ғимараттарында келушілерді өткізу режимінің жаңа ережесі қолданысқа енгізілді, деп хабарлады Жоғарғы сот баспасөз қызметінен.

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету

ҚАЗАҚСТАНДА СОТ ҒИМАРАТТАРЫНА СМАРТФОНДАР, ПЛАНШЕТТЕР МЕН ФЛЕШКАЛАРДЫ АЛЫП ӨТУГЕ РҰҚСАТ БЕРІЛДІ

департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) және оның аумақтық органдарының аумағы мен ғимараттарында өткізу және объектішілік

режимді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды (Қағида) бекіту туралы» Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті мен Ішкі істер министрлі-

гінің бірлескен бұйрығы қолданысқа енді», - делінген жұма күні сот сайтында жарияланған хабарда.

Қағидаларды әзірлеу кезінде «Үлгілі сот» жобасын қоғамдық талқылау шеңберінде судьялардан, адвокатура және Сот репортерлерінің гильдиясынан келіп түскен ұсыныстар ескерілді. Қағидаларды қабылдауға «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында

өзге де адамдар, сондай-ақ ашық сот отырысына қатысуға ниет білдірген адамдар үшін, республика сот органдарының аумағы мен ғимараттарындағы өткізу және объектішілік режимді қамтамасыз ету тәртібін регламенттейді», - делінген хабарда.

Осы Қағидаларға енгізілген жаңа ұғымдардың біріне сәйкес, сот ғимаратының көпшілік кіретін бөлігі дегеніміз – күту

жазатын құрылғыларды, есептегіш техниканы, мобильдік құрылғыларды (интернет модульдері бар ұялы телефондар, смартфондар, планшеттер), ақпаратты машиналық тасымалдағыштарды (флеш-карталар, USB-дискілер, т.с.с.), сондай-ақ деректер беруді қамтамасыз ететін және Интернет желісіне шығу мүмкіндігі бар басқа да техникалық құрылғыларды алып кіруіне болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері енді сот аумағы мен ғимараттарына мобильдік құрылғыларымен, бейне, кино- және фотоаппаратураларымен бірге кіру құқығына ие. Оларды БАҚ өкілдерінің пайдалану мәселесін төрағалық етуші судья ҚР ҚПК-нің 345-бабына, ҚР АПК-нің 19-бабына және ҚР ӨҚБтК-нің 21-бабына сәйкес шешеді.

Заңгерлік кеңес

НОТАРИАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ЛИЦЕНЗИЯНЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 232 бұйрығына сәйкес Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштер қабылдау мен қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) www.egov.kz «электрондық үкімет», www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы (не нотариалдық куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі: көрсетілетін қызметті берушіге:

1) жеке тұлғаның лицензия алу үшін өтініші және (немесе) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы лицензияға қосымша;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы нотариаттық қызметті жүзеге асыру үшін мәліметтерінің нысаны;

3) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін;

4) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, оларды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын

мерзімде берілген анықтамалар – тұрақты судьялар үшін талап етілмейді;

5) заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілін растайтын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасы берілмеген жағдайда салыстыру үшін нотариалды куәландырылған).

Портал арқылы:

1) көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлық қолы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрауы;

2) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы нотариаттық қызметті жүзеге асыру үшін мәліметтерінің нысаны;

4) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, оларды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде берілген анықтамалардың электрондық көшірмесі – тұрақты судьялар үшін талап етілмейді;

5) заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

лицензия беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ПАСПОРТТЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1586 қаулысына сәйкес «Жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын беру» мемлекеттік қызметі бойынша өтініштерді қабылдау және дайын құжаттарды беру Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы баламасыз негізде көрсетіледі.

Бұл шара:

біріншіден, келіп түскен өтініштерге оларды мерзімдерінде орындау мәніне мониторинг жүргізеді, бұл өз кезегінде қызметті көрсетушінің тарапынан төрешілікке жол бермейді;

екіншіден, ХҚКО филиалдар желісінің кеңінен таралғандығына орай, қызметті алушыларға ыңғайлы, бұл көрсетілетін қызметті алуды едәуір жеңілдетеді, яғни ХҚКО саны Жылжымайтын мүлік орталықтарына қарағанда көп.

үшіншіден, ХҚКО-ның қызмет алушылар үшін ыңғайлы жұмыс кестесі, түскі асқа үзіліссіз 9.00-ден бастап 20.00-ге дейін (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін санамағанда).

Қазіргі уақытта Министрлік «Жылжымайтын мүлікке техникалық паспорт беру» мемлекеттік қызметін көрсету рәсімін оңтайландыру бойынша мәселені пысықтап жатқандығы жөнінде атап өткен жөн.

ТҰҚЫМҒА АТТЕСТАТТЫҢ НЕМЕСЕ КУӘЛІКТІҢ КІМ БЕРЕДІ?

«Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы № 385 Заңының 23-б. 4-т. сәйкес байқаудан өткізушілер мен тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі аттестатталған зертханалар берген, олардың сұрыптық және егістік сапасын растайтын құжаттар (сұрыптық егістерді байқаудан өткізу актісі, тұқымдардың кондициялығы туралы куәлік, тұқымдарға талдау жасау нәтижелері) негізінде тұқымды өндірушілер тұқым аттестатын немесе тұқым куәлігін береді.

ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ҚАНДАЙ?

«Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықтауға және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы №1196 қаулысының 4-бөлімінің 1-тармағына сәйкес жолаушылар:

1) ішкі істер органдарының қызметкері тоқтатқан жағдайда, оның рұқсатынсыз көлік құралын тастап кетпеуге;

2) қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралымен жол жүрген кезде оларды тағуға (Қағидалардың 2-бөлімі 1-тармағының 2) тармақшасын ескеріп), ал мотоциклмен жол жүрген кезде – түймеленген мотошлемде болуға;

3) тротуар немесе жол жиегі жағынан және көлік құралы толық тоқтағаннан кейін ғана отыруды және түсуді жүзеге асыруға міндетті.

Егер тротуар немесе жол жиегі жағынан отыру және түсу мүмкін болмаса, бұл қауіпсіз болатын және жол жүрісіне басқа да қатысушылар үшін кедергі келтірмейді.

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

«Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықтауға және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы №1196 қаулысының 3-бөлімінің 1-тармағына сәйкес Жаяу жүргіншілер тротуар мен немесе жаяу жүргіншілерге арналған жолдармен, ал олар болмаған кезде - жол жиегімен, сондай-ақ Қағидалардың 17-бөлімі 1 және 4-тармақтарының талаптарына сәйкес жүреді.

Көлемі үлкен заттарды көтеріп немесе алып келе жатқан жаяу жүргіншілер, сондай-ақ қозғалтқышы жоқ мүгедектер арбасымен келе жатқан адамдар, егер олар тротуармен немесе жолды жағалай жүргенде басқа жаяу жүргіншілер үшін кедергі келтіретін болса, жолдың жүру бөлігінің жиегімен (бөлу жолақтары бар жолдарда - жолдың жүру бөлігінің сыртқы шетімен) жүре алады.

Тротуарлар, жаяу жүргіншілерге арналған жол немесе жолдың жағалауы болмағанда, сондай-ақ олармен жүру мүмкін болмаған жағдайда, жаяу жүргіншілер велосипед жолымен немесе жолдың жүру бөлігінің шетімен (бөлу жолақтары бар жолдарда - жолдың жүру бөлігінің сыртқы шетімен) бір қатарда жүре алады.

Елді мекендерден тыс жерлерде жолдың жүру бөлігімен жүрген кезде, жаяу жүргіншілер көлік құралдарының жүрісіне қарсы жүруі тиіс.

Жолдың жүру бөлігінің шетімен қозғалтқышы жоқ мүгедектер арбасында келе жатқан, мотоцикл, мопед, велосипед жүргізуші адамдар көлік құралдары жүрісінің бағытында жолдың оң жағымен жүреді.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КҮЙМЕЛЕРІ НЕЛІКТЕН САРЫ ТҮСКЕ БОЯЛДЫ?

28 сәуір - жедел жәрдем қызметкерлері күні аталып өтті. Осы мереке қарсаңында Шаһарда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тапсыры бойынша «Жедел жәрдем көлігіне жол бер» атты флешмоб ұйымдастырылды. Шарада сары түске боялған көлік пен ақ түсті көлікке жүргізушілердің қаншалықты жол беретіндігі БАҚ өкілдерінің қатысуымен бақыланды.



қызмет жасалып, диспетчер арнайы жасақталған жедел жәрдем тобын жіберуге міндетті. Диспетчер қоңырауды қабылдағаннан


кейін, “Жедел жәрдемнің” келу уақыты: 1-категория бойынша – 10 минут ішінде келуі керек; 2-категория бойынша – 15 минут арасында келуі керек; 3-категория бойынша – 30 минут ішінде келуі керек; 4-категория бойынша – 60 минутқа дейінгі уақыт ішінде жетуі керек.

Бас дәрігердің айтуынша «Жедел жәрдем» диспетчерінің жедел қызмет көрсетуі 4 категорияға бөлінеді: Яғни, 1-категория бойынша жедел қоңырау – науқас адамның өміріне қауіп төніп тұрған жағдайда тез арада медициналық көмекке мұқтаждық; 2-категория бойынша жедел қоңырау – науқас адамның өміріне қауіп төніп тұрған, бірақ, медициналық көмекке мұқтаж емес жағдайда; 3-категория бойынша жедел қоңырау – науқас адамның өміріне қауіп төніп тұрған, бірақ, медициналық көмекке мұқтаж емес жағдайда; 4-категория бойынша жедел қоңырау – науқас адам дертінің асқынған немесе тұқым қуалайтын ауруына байланысты, ешқандай өміріне және денсаулығына аса қауіпті зақым келмейтін жағдайда көмек беріледі.

Көпшілік жедел жәрдемнің

қызметін емес, келіп жету уақытын жиі сынайды. Шын мәнінде, шаһарда жедел жәрдем көліктерінің саны жеткілікті. Қазіргі уақытта мекеме балансында 95 техника бар, соның 20-сы сары түске боялып сынақ жүргізілуде. Бізде жаңа көлікке жүргізушілер қаншалықты жол беретіндігін бақылау мақсатында, кезекті шақыртудың біріне ілесіп баруды жөн көрдік. Яғни, сары түске боялған көлік бірден көзге түсіп, өзге көліктерден ерекшелену себебі болар, жүргізушілер жедел жәрдем көлігіне жол беріп, кептеліске түспей, шақырған межелі жерге біз 10 минутта жеттік. Қоңырау шалған науқас орта жаста. Кенеттен жүрек тұсы ауырып, шаншыған. Алғашқы медициналық көмекке мұқтаж жанның қан қысымы тексеріліп, кардиограмма жасалғаннан кейін, тез арада ауруханаға жату керектігі айтылды. Бірнеше минуттың ішінде жедел жәрдем бригадасы науқасты дереу ауруханаға алып кетті.

Рас, күні-түні жұмыс істейтін олардың қызметі ауыр әрі жауапкершілігі мол. Әр қоңыраудың артында адам өмірі тұр. Сондықтан,



Суретте: А.ШМИЛОВ

де жоғары жүйке жүйесі қызметінің бұзылуынан болады. Ұйымдастырылып отырған жиында Мәскеу елінен келген профессор Андрей Шмилович дәріс оқып, өз тәжірибесімен бөлісті.

Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша бүкіл әлемде бұл дертпен 21 миллионнан астам адам зардап шегеді екен. Шизофренияның тұрғындар

басталады. Ұстама төрізді үдемелі шизофренияның басталатын жас кезеңі әртүрлі: балалық шақта, жетілген және егде жас кезеңінде де басталуы мүмкін, сондықтан аурудың клиникалық көрінісінде де жасқа байланысты ерекшеліктер болады.

Қазіргі кезде шизофрения ауруларын емдеуде көп мүмкіндіктер бар. Науқасқа еңбек түрін таңдауды, сыр-

ШИЗОФРЕНИЯ АУРУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ДӘРІГЕРЛЕР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Облыстық психоневрология диспансерде Ресей елінен келген білікті дәрігер дәріс оқып, мамандар өзара тәжірибе алмасты. Психологиялық бұзылыстары бар пациенттерге арналған терапияның жаңа мүмкіндіктері, мемлекеттің қолдауы тақырыбында өткен жиынға Қызылорда, Жамбыл, Ақмола облыстарынан психиатрлар арнайы қатысты. Мақсат- жүйке-жүйесімен сырқаттанатын науқастарға дәрілік препараттарды тағайындау және аурудың алдын алу.

Шизофренияның пайда болу себебі әлі толық зерттелмеген, дегенмен шизофрения әртүрлі жағдайдың, түрлі аурулардың адам психикасына әсер етуіне байланысты пайда болады деген ұғым бар. Ауру кейде ұзақ, кейде ұстамалы түрде тез өтеді. Шизофрения негізін-



арасында таралу дәрежесі ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан маңызды мәселе болып отыр, оның таралуының барлық елдерде бірдейлігі және жалпы тұрғындарға шаққанда 1-2 пайыз құрайтындығы анықталған. Шизофрения кез-келген жас кезеңінде басталуы мүмкін, дегенмен шизофренияның дамуына аса төн жас кезеңі 20-25 жас. Әйелдерде ауру жедел өтеді, ал ер адамдарда әйелдерге қарағанда ауру ерте

қаттың психикалық күйін және бұрынғы мамандығын ескере отырып, дәрігер - психиатр жүргізеді. Шизофрения профилактикасының мәселелері психиатрияның маңызды міндеттерінің бірін құрайды.

Айта кетейік, басқа облыстарға қарағанда түстік өңірде аталған дертке дәрі-дәрмектер қолжетімді. Пациенттерге бағдарланған оң тәжірибені меңгеру үшін Қызылорда, Жамбыл, Ақмола облысының дәрігер-

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ҮШ ДЕҢГЕЙЛІ ЖҮЙЕСІ ҰСЫНЫЛДЫ

Өткен аптада Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде саланың 2018 жылғы 1 жартыжылдығының қорытындысы және ағымдағы жылға қойылған тапсырмалар бойынша Алқа отырысы селекторлық режимде өтті.

Жиында «ТМҚКК жаңа моделі» жобасымен таныстыра отырып, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ атқарушы директоры Серік Төңірбергенов, Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекеттің міндеттерін нақты белгілей отырып, Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көмегінің жаңа моделін әзірлеу қажет. Халық мемлекет тарапынан кепілдік берілмеген қызметтерді Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушысы ретінде немесе ерікті медициналық сақтандыру, сондай-ақ, бірлесе төлеу арқылы ала алады деп, денсаулық сақтауды одан әрі дамытудың негізгі басымдықтарын айқындап берді.

Профилактикалық іс-шаралардың, зиянды факторлардың төмен тиімділігі, сондай-ақ созылмалы ауруларын өзін-өзі бақылау дағдылары болмау нәтижесінде, шұғыл стационарлық көмек жоғары деңгейде қалып отыр (68% 2,9 млн. жағдайларды 2017 жылы). Жалпы алғанда, стационарлық көмек алатын тұтынушы-

лардың 46% - ы экономикалық тұрғыдан енжар халық, оның ішінде: балалар – 13%; мүгедектер - 5%; - зейнеткерлер -15%, және басқалар. Осы санаттағы халыққа стационарлық көмек қаражатының 47% - ы тиесілі – деді еліміздің бас онкологы Диляра Қайдарова.

Осыны ескере отырып, медициналық қамтамасыз етудің үш деңгейлі жүйесі жыландыру көздері. Ең төменгі әлеуметтік стандарт – ТМҚКК бағытталған шұғыл көмек және кезек күттірмейтін жағдайларда, сондай-ақ ауруларды бақылау Әрбір АДАМ үшін маңызды. Бұл - барлық санаттағы азаматтарды МСАК тең дәрежеде қол жеткізуі; төтенше жағдайлар кезінде қажет ететін медициналық көмек, кезек күттірмей медициналық араласу; диагностика және емдеу, әлеуметтік-маңызды аурулардың негізгі созылмалы жұқпалы емес аурулардың, басқарылатын БМСК деңгейінде; қоршаған орта үшін қауіпті жіті инфекциялық аурулар.

МӨМС жүйесі сақтандырылған азаматтарға кепілдік береді (ТМҚКК-ден тыс) – екінші пакеті: өре адамның өмір сүру сапасын жақсартатын медициналық көмек, сондай-ақ, БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫ негізін қалайтын көмек. Бұл – қымбат тұратын зертханалық және диагностикалық қызмет көрсету; аурулар кезінде ТМҚКК қамтылмаған амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету; кең стационарды алмастыратын медициналық көмек; жоспарлы стационарлық көмекті қоспағанда, ТМҚКК; қалпына келтіру емі және медициналық оңалту. Үшінші пакет – қосымша көлемі (басқа да қаржыландыру көздері).

Бетті дайындаған: Балнұр ЖАНЫСБАЕВА.

1-МАЙ Құтты болсын!

Біз аспандағы айды,
Сонан соң,
Жыл ішінде майды жақсы
көреміз.
Себебі,
Сенбі, жексенбі бар
Бұл айдың жартысы мейрам,
Үйіңіз толы мейман...
Қайда қарасаң да,
Май,
Май,
Май,
Апыр-май!
Бұл ай
Көктемнің соңғы айы.
Қиқулап,
Кешіккен құстар келеді.
Ғашықтар қырға шығып,
Қызғалдақ, сарғалдақ тереді.
Табиғат құлпырып,
Түрлі-түсті түрге енеді.
Қысқасы,
Желеу жеткілікті.
Тойшыл жұртпыз

Ойлаймындә,
«Баланың күлген күні».
«Тәй - тәй басып жүрген
күні».
Үй алған,
Қыз жігіттен ұялған күн деп
Неге,
Май айының бәрін мейрам
етіп,
«Отпуск без содержания»
жібермейміз?
Бұрын жақсы еді.
Май келсе қуанатынбыз.
Әр тастың тасасында ән салып,
Айран - сүтімізді ішіп
Әбігерге түсіп,
Өзімізше жұбанатынбыз.
Қазір:
Нарық,
Нарық,
Қуанбаймыз.
Көп адамның қалтасы
Жарық!
Жарық!

Жұбанбаймыз.
Мейрамда,
Офис,
Сервис,
Дүкен,
Дүңгіршек,
Жарты айға жабық тұрса,
(Бәрі тауға кеткен)
Сонда халық
Қалай күн көрмек?
«Көршім көмек
Әй - Жүгермек
Айтпайсың - ау!» - дейді.
Әрине, бұл әзіл.
Әзіл сөзге,
Қазақтың өзі де өзір.
Үзір-мөзір.
Мейрамдардың бары жақсы.
Олай болса,
1-Май құтты болсын!
Ынтымақ артып,
Үйлеріңіз
Ырыс берекеге толсын.
Ералхан

Мектепке дейінгі білім беру
ұйымдарында, жетім балалар мен
ата-аналарының қамқорлығынсыз
қалған балаларға білім беру
ұйымдарында тәрбиеленуші және
білім алушы балаларды
тамақтандыруды қамтамасыз етуге
байланысты тауарларды сатып алу
қағидаларына 7-қосымша нысан

Конкурс қорытындылары туралы хаттама

2018 АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫН САТЫП (конкурстың атауы)

Шымкент қаласы
(өткізілетін орын)

23 Сәуір 2018 жыл
«11» сағат 00 минут.
(уақыты мен күні)

1. Мынадай құрамдағы конкурстық комиссия:

1. Комиссия төрағасы

ОҚО «Кәмелетке толмағандарды
бейімдеу орталығының» Директоры **Қансейіт Б. Ж.**

2. Комиссия мүшелері

ОҚО «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу
орталығының» директордың тәрбие
жұмыстары жөніндегі рынбасары **Оңғарбаева С.П.**

Диетбике ОҚО «Кәмелетке толмағандарды
бейімдеу орталығы» КММ **Мырзалиева Г. А.**

ОҚО «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу
орталығы» КММ Педагог – психолог **Есжанова А.М.**

Кәсіподақ төрағасы ОҚО «Кәмелетке
толмағандарды бейімдеу орталығы» КММ **Намазбаев Б. М**

Тәрбиеші ОҚО «Кәмелетке толмағандарды
бейімдеу орталығы КММ **Әширбекова Г. Н.**

Қоймашы ОҚО «Кәмелетке толмағандарды
бейімдеу орталығы» КММ **Шагирбаева Г.П.**

Комиссия хатшысы ОҚО «Кәмелетке
толмағандарды бейімдеу орталығы» КММ **Бабашев У. А.**

2. Келесі әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдері
конкурсқа қатысуға жіберілді: **Жеке кәсіпкер «Сапарбаева
А»** Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы 1-ші Көксай
№378 үй.

3. Қарастыру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия
өлшемдерге сәйкес ашық дауыс беру жолымен былай деп
ШЕШТІ:

1) Конкурстың жеңімпазы деп: Жеке кәсіпкер **«САПАРБАЕВА
А» танылсын:**

2) Конкурс өткізілмеді деп келесі лоттар бойынша: Болған
жоқ.

Егер қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарастыру
кезінде конкурс жеңімпазы анықталмаса немесе барлық
конкурстық өтінімдер қабылданбаған себептері – Болған жоқ.

3) Конкурсты ұйымдастырушы Оңтүстік Қазақстан облысы
отбасы, балалар және жастар істері жөніндегі басқармасының
“Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы” коммуналдық
мемлекеттік мекемесі - осы хаттаманың мәтінін ұйымдас-
тырушының интернет - ресурсында немесе жеке интернет –
ресурсы болмаған жағдайда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің
мерзімді баспасөз басылымында жариялауы қажет.

Осы шешім үшін дауыс бергендер:

Жақтап – 7 (жеті) дауыс.

“Қарсы болғандар” – ЖОҚ.

ТІЛ ҚҰДІРЕТІ – ЕЛ ҚҰРМЕТІ

*Қазақ халқының тілі өте бай,
айтымұға орамды, көркем
тіл. Тіл – адамның барлық
санамы өмірінің құралы: өнер –
білімді, мәдениеттілікті,
қоғамның белсенді азаматы
болуды ол тіл арқылы үйренеді.*

Ана тілі еліміздегі халықтардың барлық
іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы
болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға
көтеру - әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлы-
ғын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдени-
етінің шыңына қол созатын адамның әрекеті.
Ана тілін жақсы білу — әркімнің азаматтық
борышы, қоғамда атқаратын қызметінің
тірегі. Еліміздің тәуелсіз мемлекет болып,
егемендік алуы тілі мен психологиясына оның
өз мәнінде дамуына мүмкіндік берді. Бүгінгі
күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық
саласына тереңдете енгізу мәселесі үлкен

маңызға ие. Соңғы кезде мемлекеттік тілдің
өрісін кеңейтуге, оның өркен жайып дамуына
ықпал ететін басты-басты қадамдар жасалуда.

Елбасы «Біз барша қазақстандықтарды
біріктірудің басты факторы болып табылатын
қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық
күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен
бірге, елімізде тұратын барлық халықтардың
өкілдері ана тілдерінде еркін сөйлей, оқи
алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру
қажет», - деп атап көрсеткен болатын. Тіл тағ-
дырын толғану - әрбір қазақстандықтың абы-
ройлы борышы.

Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты
мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті
қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен
бірге, әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге тал-
пынуы қуантатын жағдай.

А.ҚОЖАБЕКОВ,

*ИЧ-167/11 мекемесінің режим және күзет
бөлімінің корпус бойынша
аға қызметкерлері әділет старшинасы.*

МӘҢГІЛІК ЕЛ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

Мемлекеттік тіл ұлтаралық
тұрақтылықтың негізі болып
табылады. Тілді оқыту арқылы
қоғам бірлігін, татулықты ны-
ғайтуға болады. Қазақ тілін
мемлекеттік тіл ретінде дамыту
мәселелерінде проблемалар
жоқ емес, бірақ, олар қазір бірте-
бірте шешімін тауып келеді.
Дей тұрғанмен, мемлекеттік
тілді дамытуда өзіндік ерек-
шеліктер де жоқ емес .
Осы тұрғыдан келгенде, ең
бастысы, қазақстандықтарға
мемлекеттік тілді оқыту жүйесі
мен әдістемесін қалыптастыру
ісі оңға басып отыр. Жалпы
алғанда, біздің алдымызда

мемлекеттік тілдің бәсекеге
қабілеттілігін арттыру және
оның функцияларын кеңейту
жөніндегі маңызды міндеттер
тұр. Біз тілдің өзіндік
теңестірілуі тұрғысынан
қазақстандық ұқсастықтың
қалыптасуын ынталандыруға
тиіспіз.

Тіл барша адамзат арасында-
ғы қарым-қатынас десек, қазақ
тілі біздің мемлекетіміздің
қарым-қатынас тілі болып
отыр. Қазақ тілі дүние
жүзіндегі ең бай, бедерлі
де бейнелі тілдердің бірі.
Егеменді еліміздің тұғыры
қашанда тілімен биік. Тіл тағ-

дыры туралы көкейді тескен
көптеген ойлар бары барша-
мызға аян. Тіл - өткеннің ұр-
паққа қалдырған аманаты, бү-
гінгі күннің абыройы, ертеңгі
күннің кепілі. Сондықтан да, өз
ана тіліміздің қадірін біліп, өз
тілімізде дұрыс сөйлесе білу –
әр қазақ баласының бірден-бір
міндеті болып табылады. Ана
тілі мен қазақ тілінің топы-
рағында көктеп, ауасынан
тыныс алмаған өнер де, білім
де өміршең емес. Халық өзінің
ғасырлар бойы жасаған асыл
мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа
алдымен ана тілі арқылы табыс
етеді. Сондықтан, ана тілін
білмей ұлттың мәдениетін
жете меңгеру мүмкін емес.
Олай болса ата өсиетіне құлақ
асып, қазақтың үні, ананың
тілі арқылы жеткен бабалар
аманатына адал болайық.

С.БУРАШЕВ,

*Ч-167/11 мекемесінің
режим және күзет бөлім*



Суретте: М.ТІЛЕУБЕРДИЕВ

ңызға деген сүйіспеншілігіңіздің алдында бас иемін!

xxx

... Қызмет бөлмесінде компьютер басып отырған едім, ұялы телефоным шыр ете қалды. Трубканы көтерсем, ар жағынан өзіме өте таныс әрі жақын дауыс естілді.

-Шаһаризада, аман-есен бе? Нағашың Болатбекпін ғой.

-Болатбек, танып тұрмын. Қалайсыңдар? Үлкен нағашымның денсаулығы жақсы ма? Отбасы аман-есен-бе? Апам қалай?

-Иә, бәрі жақсы. Әкемнің бұйымтайымен хабарласып тұрғаным. Әкем математик болса да, өткен өмірі туралы

арты-үлкен тас жол. Көлік өтіп жатады. Кішкентайларға қарайлап жүретін-өздерің. Өзара келісіп, біреуің қалыңдар,-дейді.

-Екеуіміз де барайықшы!? – деп қиылып отырып аламыз... Анашым көңілімізді қимай, рұқсат беретін.

-Жиенқұмға, нағашымның ауылына барамыз!-деп қуанушы едік.

Әкем аудан орталығында ауылдық кеңестің хатшысы. Ары-бері келіп-кетіп жатқандардың бірінен анасының қай күні Жиенқұмға баратынын айтып жіберетін. Ол кезде ұялы телефон түгілі, үйде де телефон болмайтын... Хабар жете салы-

рінен, қанттарынан қайта-қайта жеуші едік...Жарықтық, бізге сақтап отыратын. Кейін түсіндік қой, Меруерт әжемді ұлдардың ортасындағы бір тал қыз деп аңсап отырады екен ғой...

-Шөкентай, Перуза, келіндер. Шашымды тарап бере ғойыңдар,-дейтін нағашы әжем Жезбике,- көмпит берем...

Бұл күн сайын әжем тарапынан қайталанатын, өзіміз асыға күтетін өтініш еді. Біз келерде қалтасын көмпитке толтырып отыратын... Маған солай көрінетін...

Әлі есімде, әжемнің шашы әппақ, үкідей үлбіреген, жұп-жұмсақ болатын.

-Шаклош, Пеклош, жүгіріңдер, дөңгелекті қуып жетіндер!-деді. Жүгіре жөнелдік. Қазіргідей емес, жолда көлік некен-саяқ. Оның өзі тоқтамайды... Дөңгелекті ұстап алып, мәз болып отырамыз... Ал, үшеуі өңгімелесіп, қасымызға дейін жайлап жүріп келеді. Сосын тағы дөңгелекті домалатып жібереді... Сөйтіп, Қызылкөпірге келіп қалыппыз. Терлеп кеткендіктен, мұздай суға жуындық. Бірақ екеуіміз де үйге келген соң, ауырып қалдық.

-Енді нағашыларыңның үйіне бармайсыңдар, ауырып қалдыңдар,-дейді әкем анашыма көзін қысып.

-Жо-о-о-қ, барамыз!-дейміз Перузада екеуіміз. Өйткені, Жиенқұмдағы нағашыларымыздың үйіне бару біз үшін үлкен той еді. Бұл ол кісілердің ыстық ықыласының, ақ пейілдірінің, ақжарқындықтырының арқасы деп білемін!

Қанымай жеңешем өмірден озғанда қаралы хабарды ата-анамнан естіп, шырқырап жылағанмын... «Жоқ»-дегенге сенбедім. Өйткені, жақсы көруші едім. Үйге барғанда қабақ шытпай қарсы алатын адамды барлық баланың жақсы көретіні-табиғи нәрсе.

Ата-анам Айымгүл апам екеуіңізді ауылға қонаққа шақырғанда, тосықрай қарсы алғанымыз есімде. Бірақ, ол кісінің жылышырайлы жүзбен бізді қабылдауы қуантты. Қарашаңырақтың отын қайта жаққан Айымгүл апамызға да рахмет! Бүгінде жан-жақтағы ұрпақтар бала-шағаларымен келіп, ақар-шақар болып жатқанда, дастархан жаюлы. Қазанда бұрқылдап ет қайнап жатады. .. Түпқалта-Темірболат қарашаңырақтың тірегі. Тату-тәтті гүмбір кешіп жатырсыздар. Аллаға шүкір!

Мақұлбек нағашым, ер тұлғалы азаматсыз. Аудан өкімінен бастап мектеп ұжымы, ауыл тұрғындары құрмет тұтады. Бұған Сіз әбден лайықтысыз. 14 перзетті тәрбиелеуде Сіздің еңбегіңіз зор. Тұрмысқа шыққан қыздар мен өз алдарына отау тіккен нағашы інілерім бір-бір қызмет тұтқасын ұстаған. Бір ғана мысал: Болатбек Мақұлбекұлы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Болатбек нағашымның басылым беттерінде жариялап тұратын өзекті мәселелер жайлы қалам тербегенін көргенде, шын көңілден риза боламын. Жанатбек, Қанатбектің де шоқтығы биік. Ынтымақты. Елге сыйлы, қадірлі. Мұның бәрі Сіздің арқаңыз, нағашым! 90-ға келген торқалы тойыңыз құтты болсын! Алла қаласа, 100-ге келіп, той дастарханының төрінде отырыңыз! Мықты денсаулық, ұзақ гүмбір, отбасылық баянды бақыт тілеймін!

Шаһаризада ДӨНЕЕВА.

«Нағашы жақсы қандай - да...»

Иә, «Нағашы жақсы қандайды, үзілген жіпті жалғайды...»-деген жүрекке жылы, жанға жайлы естілетін осы бір әдемі сөз киелі Бәйдібек ауданындағы «Жиенқұм» елдімекенінің тұрғыны, ұлағатты ұстаз, еңбек ардагері, ауылдың қадірменді ақсақалы, 14 перзент тәрбиелеп, қанатын кеңге жайған түп-нағашым Мақұлбек Тілеубердиевке арналып айтылғандай.

Шынында да, нағашым, бұл Сіздің қарым-қабілетіңізге, жиеншарларыңызға деген ыстық ықыласыңызға баға беретін құдіретті сөз! Сізбен қалай мақтансам да жарасады. Ғасырға жуық гүмбірыңызда қаншама іс тындырып, ауыл, аудан, облыс, тіпті республика деңгейінде құрметке бөленген асыл жар, ардақты өке, адал дос, жанашыр бауыр, кішіпейіл де еңбексүйгіш, дария көңіл азамат ретінде бүгінде ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, немере, шөберенің ортасында ақылшы ата атанып, құрметке бөленіп отырсыз. Қолына қалам ұстаған соң теледидар көріп, радио тыңдап, газет оқитын жиеншарыңыз ретінде Сізбен мақтанып жүремін. Өйткені, ауыл ақсақалы, ұлағатты ұстаздың мәртебесін биіктетіп, шешімін күткен күрделі мәселелердің күрмеуін шешу жолдарын айтып, жастарға бағыт-бағдар беріп отыру-Сізге лайықты іс. Теледидардан жиі-жиі ауыл мәселесін, мектептің тыныс-тіршілігін тілге тиек етіп, сөйлеп отырсыз. Ал, басылым беттерінде өзіңіз жайлы қалам тартылып жатқанда, көңілім бір марқайып қалады. Сөзге шеберсіз ғой, нағашым, биік тұлғаңыздың, ақжарқын мінезіңіздің, жиеншарлары-

күнделік жазып жүр екен, солардың басын біріктіріп, отбасын, бала-шағасын қосып, кітап шығаруды жоспарлаған едік. Алла бұйырса, жақында жарық көреді. Нағашыңыз жайлы қалам тартсаңыз деген ниетпен «Бұл-жиеншарым ғой, өзі журналист»-деп әкем мақтанып отырсын деп ұсыныс жасап отырмын!

-О, не дегенің, нағашым жайлы айтарым көп қой! Жасы өзіммен шамалас, кішкентай кезімде Жиенқұмға қыдырып барғанда төтті қауын мен шырын қарбыздарды таласа-тармаса жеп, үйдің сыртындағы жазықта асыр-салып бірге ойнап өскен Болатбектің мына сөзінен кейін, көз алдыма өткен өмір өрнектері тізбектеле қалды...

Нағашым, Сіздің есіміңіз аталғанда, асқар таудай әкем ойыма оралып, жанарыма жас толып кетті. Әкеғайым менің! Ерте өмірден өтті ғой, ойласам ішім ашып кетеді...

Сіздің құрдасыңыз еді, Біздің асқар таудай әкеміз Жорабек Дөнеұлы мен Сіз Меруерт әжем тартқансыздар, үшеуіңіз бір-біріңізге қатты ұқсайтынсыздар. Әкемнің толқындалған қара шашы, қалың қара қасы, сұлулығы, ақкөңілділігі де ұқсас еді. Мен мұны сүйікті әжем Меруертпен бірге Жиенқұмға жиі-жиі барып-келіп тұрғанда байқағанмын.

Немерелерінің жазғы каникулы басталысымен, әжем төркініне бару үшін жинала бастайтын. Перузада екеуіміз әкемнің киім-кешегінің қасына қажетті заттарымызды апарып, үндемей қосып жатқанымызды көрген анашым:

-Екеуіңді бірдей жібере алмаймын ғой, қыздарым, іні-сіңлілеріңе кім қарайды? Үйдің

сымен Қанымай жеңешем балаларын күтіп алуға жұмсайтын. Шымкент-Түркістан жолымен келіп, көліктен түсіп жатқанда жолдың жағасында ыстық күнге күйіп, іштері пысып Болатбек, Жанатбек кейде Үрзипалар бізді күтіп отыратын...

Ауыл мен жолдың арасы оншалықты алыс емес, сонадайдан көрініп тұратын. Әкем Жорабек пен анашым Темірхан нан, печенье, көмпитке толтырған сөмкені кезектесіп көтеріп үйге келетін. Той басталды дей беріңіз! Балалар ақар-шақар боламыз.

Жиенқұмның қауындары мен қарбыздары тіл үйіреді. Қанымай жеңешем шиеттей бала-шағалы болса да, қабақ шытпайтын. Мінезі өте жайлы еді. Дастарханға құрт, майды толтырып тастайтын. Өзіңіз бен Қанымай жеңешемнен өрбіген 8 перзент- Айтқұл, Нәзипа, Гүлзипа, Болатбек, Үрзипа, Жанатбек, Зәбира, Қанатбек те бауырмал. Бір-бірімізді итеріп жіберіп құлат іріп жүретін. Қауынқақ, қауынқұрт жасап, шарбақтарға іліп қоятын. Жүгіріп барып шетінен алып, жеп жүретінбіз.

-Бұлар әлі кеппеген, үйдегі қауынқұрт пен қауынқақтан алыңдар, асханада шарада толып тұр,-деп маңдайымыздан сүйетін Қанымай жеңешем. Ал, бізге шарбақта кептіру үшін ілінген қауынқақ пен қауынқұрт төтті боп көрінетін... Таңдап кететініміз-ай!

Дәмі тіл үйретін төтті қауынды қанша жесек те таусылмайтын... Не деген молшылық кез десенізші!

Тоқсанның жетеуіне жақындаған нағашы әжем Жезбикенің айналасынан шықпай, ақ шүберекке оралған көмпитте-

-Абайлап тараңдар, басын ауырттып қоясыңдар,-дейтін Меруерт әжем. Анасына жаны ашып отырады екен ғой сонда. Жетпістен асып кеткен менің әжем нағашы әжеме еркелейтін... Оған қарап таңданыпбыз... Қазір қарап отырсам, бала- ана үшін қашан да бала екен ғой!

Бала болған соң әлденеге ренжіп қалсақ, Құлхатша апам бауырына басып жұбататын. Бетімізден сүйетін. Төбеміз көкке жететін. Ол кезде адамдар бір-біріне шапағат нұрын шашып жүруші еді ғой.

Айтпақшы, Орынбасар, Маханбет ағатайларым, інім Ибрагимәлі Жиенқұмға барса, Сіз еңбекке баулып, қасында жүретінсіз. Жантақ шауып, шөп жинау, ағаш жару сияқты жұмыстар атқарылатын. Менің ағаларым Жиенқұмға бізден бөлек баратын, олар-ересектеу ғой.

Ауылдағы біздің ағайындарымыз әрі ұстазымыз Сайрамбай мен Қармантай ағайлар Сізбен құрдас еді. Сіз келгенде бәрі жапырылып қонаққа шақырса, Жиенқұмға бір қора болып барғанда Сіздер қуанатынсыздар. Кеңшілік заман-ай десенізші!

Бірде қызық болды. Жиенқұмнан кештеу шығып қалдық. Жексенбі еді. «Ертең қайтасыңдар, бүгін тағы қалыңдар»-деген нағашыларыма рахмет, әкем, Сайрамбай, Қармантай ағайлар жұмысқа баруы керек. Біз де бастауыш сыныптамыз.

Шымкент-Түркістан тас жолы бойында көлік күтіп ұзақтау отырдық. Бір кезде әкем жол бойынан бір кішкене дөңгелек тауып әкелді. Сөйтті де, асфальт жолдың бойымен алға қарай дөңгелегіп кеп жіберді.

ОҚО-ДА 84 МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН СПАРТАКИАДА ӨТТІ



Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Қажымұқан» спорт алаңында қызмет істері органдарының 20 жылдығы мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылған спартакиада өтті.

Жарысқа қатысушыларды ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің ОҚО бойынша департаментінің басшысы

қалыптасты. Осыдан бастап, мемлекеттік қызмет ұдайы жетілдірілу үстінде. Ендігі меже дамыған 30 елдің қатарына қосылу болса, бұл белесті бағындыруға жоғары деңгейлі мемлекеттік аппарат қажет. Әрбір мемлекеттің жарқын болашаққа қарай жасаған қадамы мен ілгері дамуы, мемлекеттік қызметшілердің қызметіне тікелей тәуелді. Кәсібилікті қамтамасыз

ету тұрғысында, мемлекеттік қызметшілердің әлеуетін дамыту үшін, барлық жағдайлар жасалуда», - деді Ә.Көмекбаев.

Спорттық жарысқа 84 мемлекеттік органның 1200-ге жуық өкілшілік қызметшілері мен құқық қорғау қызметінің өкілдері қатысып, олар волейбол, шағын футбол, гир көтеру, жүзу, арқан тарту, үстел теннисі сынды спорттың 6 түрінен сайысқа түседі.

Қазіргі таңда облысымызда мемлекеттік қызметшілердің 50 пайызға жуығының мемлекеттік қызметтегі өтілдері 10 жылдан асады. Осылайша, қызметшілер мемлекеттік қызметте тұрақтанып, нәтижелі қызмет атқаруда.

Ал мансаптық модельдің басты қағидаты - мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау болса, облысымыздағы қызметшілердің мансаптық өсу деңгейі 80,5 пайызға жетіп отыр. Бұл - мемлекеттік қызметшілерді қызмет бабында ілгерілетудегі ашықтық пен әділдік қағидаттарының шынайы айғағы.

Сонымен бірге, Ұлт жоспарына сәйкес, органдарда ағымдағы жылдың басынан бастап мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеудің пилоттық жаңа жүйесі енгізілді.

Осылайша, Елбасымыз мемлекеттік қызметтің маңыздылығын Ұлт Жоспарының кәсіби аппарат құру бағытымен одан әрі арттыра түсті.

Г.ГОЛОВКИН БАСҚА САЛМАҚҚА АУЫСАДЫ МА?



WBA Super, WBC, IBF мен IBO тұжырымдары бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Геннадий Головкин жоғары салмаққа ауысуға қатысты пікір білдірді. Бұл туралы prosports.kz сайтында жарияланды.

«Басқа салмаққа ауысатын ойым жоқ. Қазіргі кезде 160 фунтқа (72,6 келі) маған боксқа қанша өте ыңғайлы. Ал одан жоғары салмақта, яғни 168 фунтқа (76,2) мені қызықтыратын әрі көп ақша әкелетін жекпе-жектер жоқ. Дәл қазір маған тек таза және қызықты жекпе-жектер ғана керек. Сонан соң, чемпиондық белбеулер үшін таласатын болсам, тіпті жақсы», - деді Головкин World Boxing News-ке берген сұхбатында.

Айта кетейік, бүгінде екінші орта салмақта (76,2 келіде) Давид Бенавидес, Джордж Гроувз, Джеймс Дигейл, Хильберто Рамирес сынды боксшылар өнер көрсетеді. Әрқайсысы - бір-бір белбеудің иегері. Ал, Геннадий Головкин өз салмағында төрт бірдей титулды ұстап отыр. Алдағы аптада 5 мамыр күні Қазақстандық боксшы АҚШ-тың Калифорния штатында Ванес Мартиросянмен жұдырықтасады. Мартиросян бірінші орта салмақта (154 фунт - 69,8 келі) өнер көрсетеді. Алайда, соңғы салмақ өлшеу рәсімінде оның салмағы GGG-ден жарты келіге артық болып шықты.

UFC бұрынғы чемпионы Ронда Роузи 5 мамыр күні өтетін орта салмақтағы WBA (Super) IBO, WBC және IBF тұжырымдары бойынша әлем чемпионы Геннадий Головкин мен Ванес Мартиросян арасындағы жекпе-жекті тамашалайды, - деп хабарлайды Qsport.kz порталы.

Рестлингте бақ сынап жүрген Ронда Қазақстандық боксшының жақын досы. Сондай-ақ, ол Головкиннің қарсыласы Ванес Мартиросянмен бірге бір бапкердің қол астында жаттығады.

«Джейкобс - Головкиннің міндетті үміткері. Мартиросянмен жекпе-жектен кейін Головкин қыркүйекте Канеломен жұдырықтасатынын түсінеміз. IBF белбеуі босаса, Сергей Деревянченко мен Джейкобстың кезектері келеді деп ойлаймын. Дэнни IBF және WBA белбеулерінің міндетті үміткері болуы мүмкін», - деді Хирн.

Бірнеше күн бұрын Бүкіләлемдік бокс федерациясы (IBF) Геннадий Головкиннің командасына ресми хат жіберген, онда былай делінген: Қазақстандық боксшы Ванес Мартиросянмен өтетін кездесуден кейін, ұйымның белбеуіне міндетті қарсылас Сергей Деревянченкомен жекпе-жек өткізу туралы келісімге келуі тиіс және 3 тамызға дейін украиналық боксшымен жазбаша келісім жасалуы керектігі айтылған. Егер GGG бұл хатты елемейтін болса, оның белбеуі автоматты түрде вакантты болады. Vesti.kz порталының мәліметінше, орта салмақта WBA (Super), IBO, WBC және IBF тұжырымдары бойынша әлем чемпионы Қазақстандық боксшы Геннадий Головкин (37-0-1, 33 KO) IBF ұйымынан белбеуді қорғауды кейінге шегеру туралы рұқсат алған. Головкиннің келесі қарсыласы міндетті түрде украиналық Деревянченко болуы тиіс.

КИКБОКСИНГТЕН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ




Ағымдағы жылдың 24-28 сәуір аралығында Өскемен қаласында кикбоксингтен Қазақстан Республикасының чемпионаты аяқталды. Жарыстың қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының №2 Олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спортшылары Тұрғынбаев Ахрор - 2 орын, Ахат Төрехан - 3 орынды қанжығасына байлады.

Кикбоксинг - шығыс жекпе-жек түрлеріне (каратэ, тазк-вондо, тай боксы, у-шу) және ағылшын боксына негізделген спорт түрі. Кикбоксинг ережелері бойынша, жекпе-жек спортшылардың толық түйісуі бойынша өтеді, яғни бас пен денеге берілетін соңғы аяқпен де, қолмен де орындалады.

Бетті дайындаған: Жандос САҒЫНДЫҚОВ.

Кикбоксинг, алғашында, Америкада таралған. «Кикбоксинг» термині айналымға осы спорт түрінен дүние жүзінің көп дүркін чемпионы, америкалық киноактер Чак Норрис енгізген. 1974 жылы қыркүйек айында Америкада кикбоксингті фул-контакт түрінен тұңғыш рет жарыс ұйымдастырылған. Мұнан соң Кикбоксингке лоу-кик түрі қосылды. Сонымен, қазір Кикбоксингтің екі түрі бар. Фул-контакт тай боксына ұқсас болса, лоу-кик, көбінесе, аяқпен әрекет жасайтын жапондық жекпе-жектерге ұқсас. Қазақстан кикбоксшыларының деңгейі өте жоғары. Елімізде ондаған дүние жүзі, Еуропа чемпиондары бар. Спорттың осы түрінің дамуына Сабыржан Махметов айтарлықтай үлес қосты.



7 ЖАСАР ДАНИАЛ АЙДАРОВ 2 ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Ия, 7 жасар Даниалдың спорттағы даңқы бір атанға жүк болатындай. Шын мықтылар ғана баратын спорттың джиу-джитсу түрінен жеткен жетістігі толағай. Тән ауырғар жаттығумен мың сан айланы жетік меңгерген ойын баласы психологиялық тұрғыдан да бекем екенін көрсетті. Жуырда Біріккен Араб Әмірлігінің астанасы Абу Дабиде балалар арасында өткен әлем чемпионатын жеңіп алды. 7 жасар Айдаров Даниал Биболұлы 22 келі салмақ дәрежесінде қарсы келгеннің бәрін алып ұрып та, шалып та жықты.

Созақтың төлтумасы Даниал Айдаров бүгінде Астана қаласында тұрады. Джиу-джитсудың әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген. Allince Kazakhstan

клубында жаттығады. Жаттықтырушысы Қазақстанда бразилиялық джиу-джитсудан алғашқы қара белбеу иегері Рузханов Арманжан.

- Шымыр болсын деп, спортқа бергенбіз. Қазір өбден төселіп алды. Жаттығуды жібермейді. Бүгінде біраз жетістікке жетті, - дейді немересінің жеңіді жолы туралы оның атасы Айдар Әшірбеков.

Жекпе-жек спортының төресі - джиу-джитсудан 7 жасында екі рет Әлем чемпионы болған Даниал Айдаров 2017 жылы ақ белбеулер арасында әлем чемпионы атанса, 2018 жылы сұр белбеулер арасында жеңімпаз атанды. 7 жасар Даниалдың жеңісті жолы рекордтар кітабына сұранып тұр, ә!



РАХИМА ПЛАЗА

сауда ойын-сауық орталығы

*Заманауи
үлгідегі базасы
арзан сауда
орталығы*

- Балалар үшін керемет демалыс орын
- Ерлер-әйелдер және балалар киімдері
- Дәріхана мен асхана
- бесікарбалар мен велосипедтер
- бөлме гүлдері мен картиналар
- алуан түрлі ыдыстар, астаулар



**Мекенжайы: Шымкент қаласы,
«Нұрсәт» м/а.**

АВТОМИР, ОПТОВИК - САУДА ОРТАЛЫҒЫ



- Жатын бөлме жиһазы
- Жұмсақ жиһаз
- Қонақ бөлме жиһазы
- Ас үй жиһазы
- Устел және орындықтар

М/Ж: Қонаев гүлз., Т.Рысқұлов к-ң қиылысы. тел.: 8-778-186-55-32

АО Фонд науки, ТОО «Исследовательский центр Eco-product»

- Предпосевная обработки семян
- Увеличение урожайности на 20-25%

Данный проект даст возможность сельхозпроизводителям при использовании нашей технологии получать гарантированные прибавки к урожаю. Дополнительно улучшается качество продукции. Агротехнологии остается неизменной, уменьшается влияния климатических факторов.

Аширов А.М. – научный руководитель ТОО
«Исследовательский центр Eco-product» тел.: 8 701-760-

Макашев С.Н. – специалист по
коммерциализации
тел.: 8 778-181-68-02, 8 705-704-14-29.
E-mail: RC_ecoproduct@mail.ru



- Предпосевная обработки семян
- Увеличение урожайности на 20-25%

Ремонт телевизоров и спутниковых антенн

Тел.: 56-17-58, 8 702-243-45-54,
8 771-670-72-37

«Айғақ» Республикалық газетінің ұжымы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ардагер ұстазы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Иманәлі Оспанұлы Байдаулетовке

АНАСЫНЫ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АКЦИЯ!

АЙҒАҚ телеарнасы
жарнамаңызды ұтымды
жариялауды ұсынады:

Жүгіртпе жол Акция: 2+1, 3+2, 5+3,
10+6, 20+12

Күндік көрсетілім

Асыңыз!

70
р е т

1 сөз =
130 тг

Жарамсыз деп танылсын

*** Досан Ержан Шәдімұратұлы атына берілген жеке куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Досан Ержан Шәдімұратұлы атына берілген жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Ысмайыл Бірлес Нұрмаханұлы атына берілген «Жеңіс» ауылдық тұтыну кооперативінің мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Кемелхан Шырайғұл Жа-

ханқызы атына «Болашақ» колледжінен берілген студенттік билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Каипова Нургуль Абидуллаевна атына берілген 2007 жылы шыққан зауыт нөмірі №1758, ОКА МФ КЗ маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Манашева Салима Азимхановна атына берілген «Алтын алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Открылось наследство

*** Умер Нурбаев Жанибек Туреханович. Дата смерти: 21.01.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаевой Р.К. по адресу: г. Шымкент, ул. Мадели кожа, 6/н., (ЦОН). Тел.: 8 701-741-27-45

*** Умер Буркитбаев Ринат Коштаевич. Дата смерти: 26.01.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кунанбаевой Г.Т. по адресу: г. Шымкент, ул. Г.Иляева 22-1. Тел.: 8 701-328-64-22

*** Умер Радько Владимир Еримович. Дата смерти: 09.11.2017 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Алимовой А.Р. по адресу: г. Шымкент, ул. Ташенова 12 «А-1». Тел.: 8 778-182-32-36

*** Умер Абишев Такирхан Мамраимханович. Дата смерти: 21.04.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сарсенбаевой М.Ш. по адресу: г. Шымкент, мкр. Нурсат, дом 12. Тел.: 8 701-741-94-45

**Кеңсеге білімді
хатшы қажет**

**Жалақысы 110 000
теңгеден жоғары**

Тел.: 8 707-805-86-08

О ликвидации

*** ТОО «Корпорация SANA» (БИН 050140026045) объявляет о своей ликвидации. Все претензий принимаются с момента публикации в течении двух месяцев по адресу: ЮКО г. Шымкент, Енбекшинский район, улица Нефтескладская, 2 «А».

*** ТОО «Жұлдыз» (БИН 960140001515) объявляет о своей реорганизации путем выделения из него нового юридического лица под организационно-правовой формы «ТОО». Претензий принимаются в течении двух месяцев со дня опубликования настоящего объявления по адресу: ЮКО,